



ӘКІМ



МЕДЕУДЕ
АТҚАРЫЛҒАН
ІС КӨП

3

АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ



АҚЫН
ТРИЛОГИЯСЫ

4

ӨМІР-ӨНЕГЕ



ЖАРҚЫН
ТҰЛҒАЛАР
ЖАЛҒАСЫ

7

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

10.12.2022

Түнде:



-13-15 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-8-10 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

11.12.2022

Түнде:



-14-16 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз, тұман.

Күндіз:



-7-9 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-
шашынсыз. Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №146 (6281) 10 желтоқсан, сенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ҚАЛАҒА ҚАЖЕТ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Алматы мәслихатының VII шақырылымдағы депутаттары
қаланың 2023–2025 жылдарға арналған бюджетін бекітті



Мәслихат сессиясында шаһар басшысы Ерболат Досаевтың қатысуымен Алматы қаласының
2023–2025 жылдарға арналған бюджет жобасы қаралды.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

2

РЕЕСТР

URLANGAN.KZ ПЛАТФОРМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Алматыда ұрланған
техникаларды анықтайтын сайт
жұмыс істей бастады. Жобаны
қалалық прокуратура мен
«Атамекен» кәсіпкерлер палатасы
жүзеге асырған.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Елімізде алғаш рет urlangan.kz платфор-
масы іске қосылды. Кеше Алматы қаласы
прокурорлары мен «Атамекен» кәсіпкерлер
палатасы сайтты ресми түрде таныстырды.
Сайтқа кейінгі жылдары қала аумағын-
да қолды болып, полицияға арызданғандар-
дың 100 мыңнан аса құрылғысы енген.
Оның арасында компьютер, телефон, элек-
тронды сағат сияқты техникалар бар.

«Қазіргі таңда сайттардан қолма-қол
сатып алады. Сатып аларда, тауарды алдын
ала тексеруге болады. Сонда ұрланған зат-
тың сатылып кетпеуіне кедергі бола ала-
ды», – деді қалалық прокуратураның ресми
өкілі Нұрсұлтан Жиделбай.

Мамандар бұл қарапайым тұтынушыға
ғана емес, тауарды қайта сататын кәсіпкер-
лерге де пайдалы деген сенімде. Өйткені,
саудагерлер қолданылған техникалардың
ұрланғанын өздері де білмей, бастары жиі
дауға қалатын көрінеді.

«Ұрланған телефондар көп келеді. Са-
тып та үлгермейміз кейде. Полиция қызмет-



керлері келіп телефондарымызды алып ке-
теді. Ақшасыз да, телефонсыз да қаламыз.
Бізге өте тиімді болды бұл бағдарлама», –
деді кәсіпкер Ильяр Асанов.

Жобаны жасаушылар Алматымен шек-
теліп қалмай, бұл бағдарламаны ел аумағы-
на да таратуды жоспарлап отыр. Сайтты
өзге ақпараттық базалармен біріктіру де
көзделген.

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Бішкекте өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кезекті отырысына қатысты.
- Алматының 2023 жылға арналған бюджеті бекітілді.
- Мемлекеттік қызметке тестілеу 24/7 қолжетімді болады.
- Қазақстанда «Әділетті Қазақстан – Жастардың тандауы» акциясы басталды.
- 2023 жылдан Алматыда «Мектеп автобусы» пилоттық жобасы іске қосылады.
- Алматыда Жастар театры салынады.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сұрақтар бойынша тегін кеңес алуға болатын арнайы 1463 Call-орталығы іске қосылды.
- Қазақстандық оқушылардың демалыс кестесі жарияланды.
- Алматыда дәрігерлер мен мұғалімдердің жалақысы өседі.
- 1 қаңтардан ең төменгі жалақы 70 мың теңгеге көтеріледі.
- Келер жылы Алматыда 8 заманауи комьюнити-орталық құрылады.
- Қоғамдық көлік 100 жаңа троллейбуспен толығымен.
- Мегаполисте тегін секциямен 70 мың бала қамтылады.

www.almaty-akshamy.kz





МӘСЛИХАТ

ҚАЛАҒА ҚАЖЕТ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Алматы мәслихатының VII шақырылымдағы депутаттары қаланың 2023–2025 жылдарға арналған бюджетін бекітті

**Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

(Басы 1-бетте)

Алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджет жобасында қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы болжамының негізгі параметрлері ескерілді. Мемлекет басшысының Алматы қаласын одан әрі дамыту жөніндегі тапсырмаларын сапалы іске асыру үшін қажетті қаржыландыру қарастырылған.

2023 жылға ұсынылған бюджет жобасы ағымдағы жылдың қыркүйегінде бекітілген «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасында және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларда» айқындалған 7 негізгі бағыт бойынша құрылды.

МЕТРОПОЛИТЕН ЖЕЛІСІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Келесі жылға арналған бюджеттің жалпы сомасы 1 трлн 258,2 млрд теңгені құрайды, оның ішінде болжамды меншікті кірістер (1 трлн 138,4 млрд теңге) және республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер (119,8 млрд теңге) есебінен. 2022 жылдың қорытындысы бойынша бюджет түсімдерінің болжамды бағасына сәйкес, 2023 жылға арналған кірістер болжамының өсуі трансферттерді есепке алмағанда (1138,4 млрд теңге) шамамен 103%-ды құрайды.

Бюджеттің шығыс бөлігі былайша бөлінді – бөлінетін қаржының 61,7%-ы ағымдағы шығыстарға тиесілі, 18,3%-ы қаланың даму бюджетін, 20%-ы-бюджеттік алулар, ЖАО резерві, мемлекеттік борыш және мемлекеттік міндеттемелер.

«Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасының және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалардың» бірінші басымдығы бойынша 2023 жылға арналған бюджет жобасы аясында жайлы қалалық орта құру жөніндегі коммуналдық инфрақұрылымды дамытуға 175,8 млрд теңге бағытталатын болады. Қарғалы өзенінде су тазарту құрылысын аяқтау және Ақсай өзенінде су тартуды одан әрі жүргізу үшін 8,6 млрд теңге қарастырылған.

Жол-көлік жүйесін дамыту үшін 300 газбен жүретін автобус сатып алынады. Батыс бағытта метрополитен желісінің құрылысы жалғасады. Бұл 2024 жылы қаланың батыс бөлігінің 50 мыңнан астам тұрғынына қосымша көліктің қамтамасыз етеді. Төле би көшесін ұзарту жалғасады. 2 жолаықты (Бұқтырма – Құлжа трактісі, Саин – Мөңке би көшесі) тапсыру жоспарлануда. 2 коммуналдық автобус паркін жобалау аяқталады. Жол

инфрақұрылымы және қауіпсіздік мәселелері бойынша келесі жылы 30 км тротуарлар мен 80 аялдама алаңдарын абаттандыру, 200 км жолды орташа жөндеу жоспарланған.

Екінші басымдық бойынша тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін өңдеу өнеркәсібін, туризмді, IT-секторды және креативті индустрияларды дамытуға басты назар аударылды. Алматының Индустриалды аймағының 2 кезеңін 189 гектарға кеңейту жоспарлануда. 2023 жылы 7 өнеркәсіптік парк іске қосылады. Креативті индустрияларды дамыту үшін 10 млрд теңге сомасына венчурлік қор құру жоспарлануда, оның ішінде жеке инвестициялар есебінен 5 млрд теңге.

ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

Басқарылатын урбанизацияның үшінші басымдығы аясында Алматы агломерациясын теңгерімді дамыту арқылы Үкіметтің 2040 жылға дейінгі қаланың Бас жоспарын бекітуі жоспарлануда, оны іске асыру дамудағы теңгерімсіздікті жоюға, әлеуметтік, инженерлік және көліктік мәселелерді қамтамасыз етуге, инфрақұрылымның болуын шешуге, Алматы халқының өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Мегаполис бюджеті әлеуметтік бағдарланған күйінде қалады. 2023 жылы Алматының барлық тұрғындары үшін әлеуметтік орнықтылық пен тұрақтылыққа қатысты тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету бойынша төртінші басымдықты іске асыруға шамамен 44% (553,3 млрд теңге) әлеуметтік бағыттағы шығыстарға тиесілі, оның 75%-ы немесе 416,5 млрд теңгесі білім беру саласына жұмсалыды.

«Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды» іске асыру аясында білім беру сапасын арттыруға сертификатталған халықаралық мекемелер бағдарламалары бойынша 2505 тәрбиешіні, 3 мың мектеп мұғалімін, 150 басқарушы персоналды қайта даярлау және біліктілігін арттыру жоспарлануда.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру аясында 53 млрд сомға 22 мектептің құрылысы басталады, жергілікті бюджет есебінен жер учаскелері және оларды инфрақұрылымға қосу мәселелері шешілетін болады. Сондай-ақ, келесі жылы Алатау ауданында 1100 орынды 2 мектеп және Жетісу және (№65, №73) Бостандық аудандарында мектептерге (№112, №103) 4 қосымша құрылыс салу жоспарлануда.

2023 жылы Алматының 29 мектебінде 7,7 мың балаға арналған «Мектеп автобусы» жобасын пилоттық режимде іске қосу жос-

парлануда. 100 жаңа автобус заманауи қауіпсіздік жүйесімен жабдықталатын болады. Келесі жылы 1–4-сынып оқушыларын, сондай-ақ ХӨӨТ санатындағы балаларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету жобасын іске асыру жалғасады (133 мың бала – оқушылардың жалпы санының 45%-ға жуығы).

Алматылықтарды толғандыратын мәселелердің бірі – тұрғын үй құрылысы, әсіресе, жастарды үймен қамтамасыз ету, «Алматы Жастары» тұрғын үй бағдарламасын жергілікті бюджеттен қаржыландыру (1050 пәтер) жалғасады.

Денсаулық сақтау саласындағы жобалар мен міндеттерді іске асыру үшін 31,5 млрд теңге бөлінеді. Тегін дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен және мамандандырылған азықпен қамтамасыз ету көзделген, сирек кездесетін (орфандық) аурулардың 45 түрі бойынша 6 мыңға жуық пациентті, халыққа иммунопрофилактика жүргізу үшін вакциналар мен басқа да медициналық иммунобиологиялық препараттарды сатып алу және сақтау қарастырылған. 8,1 млрд теңге сомасына медициналық және технологиялық жабдықтарды сатып алу жоспарлануда.

Амбулаториялық-емханалық қызметтер көрсету, ҰОС қатысушылар мен мүгедектерді тіс протездерін жасау, телемедициналық орталық және т.б. бойынша қаржыландыру жалғасады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қаланың жаңа стационарларын жобалау және қолданыстағыларын қайта құрылымдау басталады. Олардың қатарында Орталық қалалық клиникалық аурухананың жаңа корпусын салу, 8 көпсалалы аурухана мен босандыру ұйымдарын жаңғырту бар. Бұдан басқа, Алатау ауданында перзентханалық балалар бөлімшесі бар 500 төсектік көпбейінді аурухананы жобалау және МЖӨ тетігі бойынша Медеу ауданында 200 төсектік көпбейінді аурухана салу жоспарлануда.

ҚАЛАНЫҢ «ЦИФРЛЫҚ ҚОСАЛҚЫСЫ» ЖОБАСЫНЫҢ БІРІНШІ КЕЗЕҢІ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Қаланың басты міндеті инклюзивті ортаны дамыту болып табылады. Мүгедектіктің алдын алу және алдын ала ескерту мақсатында 2023 жылы жыл сайын 950 маманды оқытатын Ерте араласу орталығын құру бойынша пилоттық жобаны іске қосу жоспарлануда.

Алматы әкімдігі арбамен жүретін 200 баланы электр жетегі бар жоғары сапалы жеке кресло-арбалармен, 170 адамды жаңа технологиялар бойынша протездік-ортопедиялық құралдармен және сүйек өткізгіш есту аппараттарымен, сөйлеу процессорларымен қамтамасыз етудің арнайы бағдарла-

масын іске асыратын болады. 1350 мүгедек жандарды жұмыспен қамтуға 775 млн теңге бөлу жоспарлануда.

Жасыл Алматы бесінші басымдығы бойынша 2023 жылы 320 мың ағаш отырғызу, 8 саябақ аймағын құру және реконструкциялау жоспарлануда. Сондай-ақ, 13 жоба бойынша ЖСҚ әзірлеуді аяқтау жоспарланған (Баум тоғайы, Тұңғыш Президент саябағы, Үлкен Алматы, Кіші Алматы өзендері, Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналы, Алатау ауданындағы «Сосновый бор» жаңа саябағы және Атақент аумағын қайта құру және т.б.).

Қалада қатты жауын-шашын кезінде су басу мәселесі өзекті болып қалуда. Биыл жүргізілген зерттеулер қорытындысы бойынша су басуға бейім 102 учаске анықталды, оның ішінде ағымдағы жылы 56 учаскені жою аяқталады. 2023 жылы 46 учаскеде 305 км арық желілерін қайта жаңарту және салу жалғасады.

Алматы – SMART city алтыншы басымдығы бойынша қаланы басқару сапасын жақсарту үшін 2023 жылы Алматының «цифрлық қосалқысы» жобасының бірінші кезеңі жүзеге асады. Жобаны іске асыру коммуналдық қызметтердің, мемлекеттік органдардың және басқа да жеке компаниялардың деректерін бірыңғай деректер қоймасына дұрыс интеграциялау қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. 2023 жылдың сәуіріне қарай жол қозғалысының қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды арттыру үшін желілік және көшелер қиылыстары учаскелерінде (3000-нан астам камера) қосымша 575 Сергек АӨК орнату жобасы аяқталады.

МЖӨ аясында адамдар көп жиналатын орындарда қосымша 6000 бейнекамера орнату жоспарлануда. Қалалық бейнебақылау жүйелері камераларындағы бейнекөріністер орталықтандырылған басқару және бейнесараптама қалыптастыру үшін Бірыңғай бейнебақылау жүйесіне біріктіріледі.

ИНКЛЮЗИВТІ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ ҚАЛАЛЫҚ ОРТА ҚҰРУ

Бағдарламаның Қауіпсіз қаланы дамыту жөніндегі жетінші басымдығы аясында 2023 жылы Алатау ауданында іске асырылған пилоттық жоба бойынша қаланың 7 ауданында полицияның сервистік орталықтарын ашу жоспарлануда. Сейсмикалық тәуекелдерді ескере отырып, 17 сейсместанция орнату арқылы халықты болуы мүмкін жер сілкіністері туралы ерте хабардар ету жүйесін енгізу бойынша жұмыс жалғасатын болады.

Сондай-ақ, келесі жылы қала көшелерін жарықтандыру жұмыстары жалғасады (550 учаске). Айта кетерлігі, келесі жылға арналған бюджетте спортты, туристік инфрақұрылымды, мәдениетті және т.б. дамытуға қаржы қарастырылған.

Бұдан басқа, қолданыстағы мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес Алматы қаласын дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған жоспары өзектендірілді. Жоспарға 7 басым бағыт бойынша қолжеткізу жөніндегі 117 индикатор кіреді, олардың басты мақсаты әртараптандырылған және тұрақты экономикаға негізделген жайлы, инклюзивті және қауіпсіз қалалық орта құру болып табылады.

Сонымен қатар, «Қоғамдық көлікті диспетчерлеу» жобасы бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты қосымша 5 жылға, яғни 2027 жылға (толығымен) ұзартылды, сондай-ақ операциялық шығындардың өтемақысын және басқарғаны үшін сыйақыны төлеу жөніндегі мемлекеттік міндеттемелер ұлғайтылды. Диспетчерлеу қызметіне бағыттар қозғалысының сызбаларын, кестелерін әзірлеу, қала бағыттарында қоғамдық көліктің жұмысын бақылау және оған талдау жүргізу кіреді.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды ресімдеу жөніндегі проблемалық мәселелерді шешу үшін жергілікті атқарушы органның жанынан тиісті рұқсаттарды алмай және оның ережесін бекітпей салынған Жылжымайтын мүлікті ресімдеу жөніндегі комиссияны құру жөніндегі Ереже әзірленді, сондай-ақ 17 адамнан құралған Комиссияның қарауына жататын бекітілетін аумақтардың тізімі жасалды.

Сонымен қатар, мәслихат сессиясында жеке өтініші негізінде «Ауыл» партиясының депутаты М.Хасеновтың өкілеттігі тоқтатылды.

Сондай-ақ, Алматы қаласы мәслихатының регламентіне өзгерістер енгізілді.



ӘКІМ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

МЕДЕУДЕ АТҚАРЫЛҒАН ІС КӨП

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аудан тұрғындарымен кездесті

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың биылғы Алматы халқымен қорытынды кездесуі Медеу ауданында өтті. Қала басшысы ауданның дамуы және тұрғындардан түскен ұсыныстар бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтып берді. Кездесуге 350-ден астам адам келді.

Досбол
АТАЖАН

Қала әкімі Ерболат Досаевтың Медеу ауданының тұрғындарымен 3-кездесуі белгіленген тәртіп бойынша шаһар басшысының баяндамасынан басталды.

Қала басшысы ауданның инженерлік инфрақұрылымын жаңғырту қарқынды жүріп жатқанын айтты. Бүгінгі күні шамамен 6 км су құбыры желілері қайта жаңартылған. «Думан» шағынауданында 1800 куб метрге 2 резервуар мен сорғы станцияларын реконструкциялау жұмыстары жалғасуда. Жұмыстар осы жылдың соңына дейін аяқталуы қажет. Келесі жылдың 2-ші тоқсанынан бастап «Көлсай» (2,8), «Сұлусай» (16,9), «Компот» (25), «Кеңсай» (14,2) шағынаудандарында (Шоқай мен Сәрсенбаев көшелері) және Халиуллин көшесінде (3,8) жалпы ұзындығы 62,7 км (сумен жабдықтау – 25,8 км және канализация – 47,5 км) су құбыры мен кәріз желілерінің құрылысын бастау жоспарланған.

2023 жылдың 2-ші тоқсанында «Каменское плато» шағынауданында сумен қамту және су бұру желілерін (28,9) салу жобасын түзетуді аяқтау көзделген.

ЖОЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ҚАУІПСІЗДІК

Жол инфрақұрылымы және қауіпсіздік мәселелері бойынша жыл басынан бері 27,2 шақырым жол жөнделіп, 18 шақырымнан астам тротуар салынды. Келесі жылы тағы 84 шақырымға жуық жол мен тротуарлар жөнделеді. Сондай-ақ, жыл басынан бері 9 бағыт бойынша 101 автобус сатып алынды. Аудан тұрғындарының өтініші бойынша Қалдаяқов көшесінен «Геолог» бау-бақша серіктестігіне дейінгі тағы бір жаңа бағыт іске қосылады. 2023 жылы аудан аумағында 6 жаңа аялдама кешені салынады.

Сондай-ақ, қала әкімі ауданның қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары туралы хабардар етті. Жол бойында және киылыстарда 123 «Сергек» камерасы орнатылды. 2023 жылдың бірінші жартысында тағы 58 камера орнатылады. Азаматтардың қауіпсіздігі үшін ауданда 213 бейнебақылау камерасы жұмыс істейді, желтоқсан айында олардың саны 355 бірлікке жеткізіледі.

ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ПЕН
ИНТЕРНЕТ

Ауданда тұрақты су басу орындарын жою үшін 7 учаске бойынша жұмыстар аяқталып, ұзындығы 5 км арық желілерінің құрылысы басталды. Осы жоба шеңберінде 2023 жылдың соңына дейін 26 көшеге барлығы 23,6 шақырым арық желісі салынып, қайта жаңартылады.

Медеу ауданының тұрғындарымен өткен кездесулерде «Кеңсай» шағынауданы тұрғындары ұялы байланыс пен интернеттің сапасын жақсарту мәселесін көтерген еді. Өкім тапсырмасы аясында бүгінгі таңда KCELL ұялы байланыс операторының 2 базалық станциясы күшейтілді. Beeline және Tele2 компаниялары жыл соңына дейін 2 станция орнатуды жос-

парлап отыр. Байланыс сапасын жақсарту бойынша «Мұзтау» шағынауданында да жұмыстар жүргізіліп жатыр.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Медеу ауданында оқушы орындарының тапшылығын азайту үшін 520 оқушы орынға арналған қосалқы нысандардың, екі мектеп және «Жанұя» мамандандырылған кешен құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Ал №131 мектепте күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Медициналық қызмет көрсетудің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін 5 денсаулық сақтау объектісінің (оның ішінде отбасылық-дәрігерлік амбулатория, емхана, жедел жәрдем қосалқы станциясы, аурухана) құрылысы бойынша жұмыстар атқарылып жатыр. Сонымен қатар, 2023-2024 жылдары қала әкімдігі «Шығыс қақпасы» полиция орталығының аумағында ауқымды жобаны іске асыруды жоспарлап отыр. Бұл – онкологиялық орталығы бар 250 төсектік көпсалалы аурухананың құрылысы.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша ауданда биыл 19 жоба іске асырылды. Оның ішінде абаттандыру бойынша 11 жоба, терең контейнерлерге арналған алаңдарды орнату бойынша 8 жоба орындалды. Келесі жылы дауыс беру қорытындысына сәйкес келіп түскен 170 ұсыныстың ішінен 30 жоба іріктелді. Нақты айтқанда, аула аумақтарын жөндеу (12), қоғамдық кеңістікті абаттандыру (11) және тереңдетілген контейнерлерді орнату (7) жобалары бар.

Қоғамдық кеңістіктерді дамыту жұмыстары аясында Кіші Алматы өзенінің бойындағы Тереңкүр су айдынының жоғарғы бөлігін мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары жүргізілуде. Айтылған аймақ қала балансына қабылданғаннан кейін бөгетті нығайту және алматылықтардың сүйікті орындарының бірін абаттандыру бойынша жеке жоба әзірленеді.

Сонымен қатар, Медеу ауданында жаяу жүргіншілер жолдарына ерекше назар аударылған. «Көктөбе» саябағында қала тұрғындары мен қонақтары жолдың бойымен жүруге мәжбүр. Бұл барлық адамға қолайсыз және қауіпті. Сондықтан тұрғындардың өтініштерін ескере отырып, келесі жылы жаяу жүретіндерге арналып денсаулық жолы салынады.

ТИІСТІ ТАПСЫРМАЛАР
БЕРІЛДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қалыптасқан дәстүр бойынша өз баяндамасынан кейін Медеу ауданы тұрғындарының сұрақтарына жауап берді.

Бірінші сұрақ қызық жәшіктеріне қатысты қойылды.

– «Самал-1» шағынауданының тұрғынымын. Көп жерлерде тереңдетілген қызық жәшіктері бар. Сондай жәшіктерді біздің ауданда да қоюға бола ма? – деді тұрғын.

Шаһар басшысы 2023 жылы Алматыда 247 қызық жәшіктері орнатылатынын айтты.

– Ендігі жылға 247 контейнерге жоба жасалып жатыр. Медеу ауданының әкімдік өкілдері сіздерге барып келсін. Тексерістен кейін бюджетке енгіземіз, – деді Ерболат Асқарбекұлы.

Медеу ауданының келесі тұрғыны заңсыз құрылыс мәселесі туралы сауал жолдады.

– Мен Медеу ауданына қарасты Шашкин көшесінің тұрғынымын. Осы Шашкин көшесіндегі 36-үйдің тура артында құрылыс басталып, күні-түні мазамызды алып жатыр. Бұл заңды ма, кім жауапты, – деп шағымданды ол.

– Ол жерде ешқандай құрылыс жұмыстары жүріп жатқан жоқ. Жеке тұлға аумақты

қоршап, заңсыз ағаштарды кескен. Ол бойынша қылмыстық іс қозғалды. Ешқандай рұқсат берілмеген, – деді қала басшысы.

Өз кезегімен сұрақ қойған қала тұрғыны емхана салуды өтінді.

– Мен «Думан» шағынауданының тұрғынымын. Бізде жұмыс істеп тұрған амбулатория өте шағын. Онда арнайы мамандар жоқ. Өз баяндамаңызда айтып кеткен жаңа емхана нақты қашан салынатынын білгім келеді.

Сұраққа Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Иран Шаметеков жауап берді.

– «Думан» шағынауданында 500 орынды емхана салу жоспарланған. Келесі жылы жобалық-сметалық құжаттама жасалады. Сараптамадан өткеннен кейін құрылысы басталады.

– Мен айтып өткендей, келесі жылдың 2-3-тоқсанында құжаттары дайын болса, құрылысы бастаймыз. Бәрі дұрыс болса, 2024 жылы жұмыстарымызды бітіреміз. Өткен кездесуде «Думанда» халық өсіп жатыр, үлкен емхана салу керек екенін айтқанмын. Содан кейін құрылысқа арналған жер таптық, салып береміз, – деп толықтырды Е.Досаев.

Келесі кезекте сұрақ қойған тұрғын аудан аймағындағы баспалдаққа жөндеу жұмыстары керек екенін айтты.

– Медеу ауданы Шәріпов көшесінің тұрғынымын. Сол көшенің жанындағы Жарбұлақ өзенінің қасында баспалдақ бар. Көлемі 20 метрдей. Сол баспалдақ жүруге жарамсыз. Соны жөндеп берсеңіздер.

– Ендігі жылы көктемде қажетті жұмыстар істеледі, – деді шаһар басшысы.

«Алатау» шағынауданының тұрғыны спорт алаңының құрылысы жайлы сұрады:

– Мен «Алатау» шағынауданының тұрғынымын. Мешіт жанында бос жер телімінде балаларға арналған скейт-парк салынуы керек болған. Сол жұмыстар қашан басталады. Екінші сұрағым, бізде Мәдениет үйі бар. Соның жағдайы не болды?


Қала басшысы скейт-парк 2023 салына-тынын айтты.

Скейт-парк ендігі жылдың ортасына дейін салынады. Ал Мәдениет үйін біз сатып алдық. Оның жаңа жобасы жасалып жатыр, дайын болған кезде сіздерге таныстырамыз, – деді Е.Асқарбекұлы.

● ТҮЙІН

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Медеу ауданы тұрғындарымен үшінші кездесуінде аудан көлемінде істелген жұмыстарды таныстырып, алдағы уақытта жасалатын жоспарлармен бөлісті. Жалпы, кездесу барысында тұрғындар жолдарды жөндеу, кәріз және электр желілерін абаттандыру және т.б. мәселелерін көтерді. Әр сауалға жеке әрі нақты жауап берілді. Айта кеткен жөн, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесудің жаңа форматына сәйкес, жыл басынан бері Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізді – 8 ауданның әрқайсысының тұрғындарымен 3 кездесуден болды.

101 САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



**Медеу ауданында
4 МЫҢНАН
АСТАМ
тұрақты жұмыс орны құрылды.**



**Биыл ұзындығы
27,2 КМ
болатын 28 көшедегі жолдар
орташа жөндеуден өтті.**



**9 маршрутты жаңарту үшін
101 жаңа
автобус сатып алынды.**



**Биыл 717 орынды жаңа
13 БАЛАБАҚША
ашылды.**



**Ауданда жыл басынан бері
48,4 МЫҢ
ағаш пен бұта отырғызылды.**



**«Халық қатысатын бюджет»
бағдарламасы шеңберінде
тұрғындардың өтінімдері
бойынша
19 ЖОБА (100%)
іске асырылды.**



ТАЛБЕСІК

ТАБИҒАТТЫҢ ЕҢ ҒАЖАП ТУЫНДЫСЫ

Тау – табиғаттың ең ғажап туындыларының бірі. Жер бетін таусыз елестету мүмкін емес. «Тауда туып, ойнап өстім шың-құзбен, Үнсіз ғана сырласушы ем жұлдызбен. Жастайымнан ұлылыққа бас ийдім, Таулар... Таулар... биіктікті білгізген», деп ақын жырлағандай, адамзат үшін тау – ұлылық, биіктік, тылсым күш.

Айнұр
СЕНБАЕВА

БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының шешімімен 2003 жылдан бері 11 желтоқсанда Халықаралық тау күні атап өтіледі. Ғаламшардың төрттен бір бөлігін алып жатқан ірілі-ұсақты тауларда адамдардың он пайызы мекендейді, сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлардың да панасы – тау, көптеген өзендердің бастауы тауда. Тау экожүйесі саналуандығымен ерекше. Мұздықтар мен аппақ қарлы шыңдар жердегі 60–70 пайыз тұщы судың қайнар көзі. Таудағы саф ауа климаттың қалыптасуына әсерін тигізеді. Тауға жақын өңірлер энергетиканы дамытуға, ГЭС салуға, жел генераторлары мен күн панельдерін орнатуға өте қолайлы. Сондай-ақ, таудың қойнаулары пайдалы қазбаға бай. Тау алып, ірі, биік болғанымен өте нәзік экожүйе. Сондықтан оны қорғау, сақтау – адамзаттың міндеті. Халықаралық тау күнінің негізгі мақсаты да сол, халыққа тау туралы құнды ақпараттар беріп, оны қорғауға, табиғаттың сыйына зиянымызды тигізбеуге шақыру.

Таудың табиғаттағы алатын орны мен маңыздылығы туралы әлемде талай кітап, ғылыми зерттеулер жазылған. Тауға шығуды өмірінің мәніне айналдырған альпинистердің бәрі бірдей ғаламат жазушы болмағанымен, олардың таудағы оқиғалары мен тәжірибелері шетелдерде кітап болып басылады. Айталық, Фриц Рудольфтың «Джомолунгма және оның балалары» кітабы. Кітапта Гималай тауларының сұлулығы мен ғаламат күші жайлы, әрқайсысы өз мақсатымен келген альпинистер туралы айтылады. Сондай-ақ, кітаптың басым бөлігі тау тұрғындарының өмірін, олардың өмірлік құндылықтарын, дәстүрлерін және әлем өркениетіндегі олардың маңыздылығын баяндайды. Біздің елімізде де таулар туралы кітаптар жазылса, керемет болар еді деген ойға қаласын.

Әлемдегі көптеген таулар маңызды мәдени символ болып табылады. Грециядағы қасиетті Олимп тауы, Тибеттегі – Кайлаш. Арарат тауы – Арменияның ұлттық символы, ал Фудзи тауы Жапонияның қасиетті мекені. Бұл жеке

діндер мен мәдениеттердің өкілдері үшін ғана емес, сонымен қатар әлемнің түкпір-түкпірінен келген туристер үшін де ерекше тартымды жерлер. Таулар экологиялық және спорттық туризмді дамытуға таптырмас байлық.

Қазақстан жерінің 10 пайыздан астамын биіктігі 4000–5000 метрден асатын таулар құрайды, бұл таулардың көпшілігі Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен шығысын алып жатыр. Қазақстан жеріндегі биік тауларға Алтай, Тянь-Шань, Жетісу Алатауы, Сауыр-Тарбағатай таулары жатады. Қазақстанның батысындағы Маңғыстау түбегінде еліміздің теңіз деңгейінен ең төмен орналасқан нүктесі Қарақия ойысы орналасқан. Бұл ең терең ойыс теңіз деңгейінен 132 м төмен орналасқан. Ойыстың екінші аты Батыр деп аталады. Республикамыздың ең биік нүктесі Орталық Тянь-Шань тауларына жататын Хан-Тәңірі шыңы. Хан-Тәңірі шыңының биіктігі 6995 метр.

Алатаудың баурайында орналасқан әсем Алматының басты символы – тау-

лар. Алматылықтар қаланың қайнаған қазанында жүріп те бір сәт айналадағы тауларға қарап қуат алады. Алматыға келетін туристердің көбі осы өңірдегі тауларды тамашалау үшін арнайы келеді.

«Жылда Алматыға жазда келіп, табиғат аясында демалғанды жақсы көремін. Медеуге, Шымбұлаққа барсам, ертегідегідей күй кешемін. Осы жазда достарыммен таудың 3000 метрдей биік шыңына шықтық. Ғажап! Көрген сұлулығымды сөзбен жеткізу мүмкін емес», – дейді Анна есімді ресейлік турист.

Алматылық Әсел Мамырова кейінгі 5 жылдан бері әр сенбі, жексенбі күндері тауға шығуды әдетке айналдырған. Әселдің айтуынша, тауға бір барып үйренген адамды шыңдар өзіне тартып тұратындай. «Пандемия кезінде құрбым екеуміз жиі тауға шығып, табиғат аясында демалып жүрдік. Уақыт өте келе қызығушылығымыз жақсы әдетке айналды. Соңғы екі жылда тауға шығушылардың қарасы тіпті арта түсті. Әсіресе, студент жастардың тауға жиі шығатынын көріп риза болдым. Қазір тауға бірге шығатын өз топтарымыз бар. Олармен қызығушылықтарымыз да бір, тауға деген махаббатымыз ерекше. Тау маған ерекше энергия сыйлайды. Әр тауға шыққан сайын рахаттанып қаламын», – дейді ол.

Алматы тауларының заңғар шыңдары, сұлу табиғаты кімді болса да баурап алатыны сөзсіз. Кейінгі жылдары қаламызда тау туризмі қарқынды дамып келеді. Халықаралық тау күніне байланысты жылда Алматы тауларында түрлі шаралар ұйымдастырылады. Алматыда 2019 жылдан бері тау туристері арасында танымал жерлерге маршруттық автобустар іске қосылып, визит-орталықтар құрылып, жаяу соқпақтар абаттандырылды. Қала билігі туристер мен құтқарушыларға барынша қолайлы жағдайлар жасауға тырысып жатыр. Туризм басқармасының мәліметтерінше, былтыр тау туристерінің саны алдыңғы жылдармен салыстырғанда, төрт есе өскен. Осыған байланысты әкімдік саяхатшылар қауіпсіз әрі жайлы демалуы үшін қажетті жағдайлар жасап, таулы маршруттардың шалғай тораптық учаскелерінде жаз мезгілінде туристер паналайтын күркелер салғаны да есімізде. Таудағы құтқарушылар жұмысы да жолға қойылып келеді. Алматыдағы тау туризмін табыс көзіне айналдыру біртіндеп жүзеге аса бастады.

КЕРЕК ДЕРЕК

Қазақстанның аласа таулы өлкелеріне Сарыарқа, Мұғалжар, Маңғыстау таулары жатады. Сарыарқа таулары Қазақстанның орталық бөлігін алып жатыр.

Мұғалжар таулары Орал тауының табиғи жалғасы. Ақтөбе облысында орналасқан. Пайдалы қазбаларға өте бай. Тауда Қазақстандағы хром кенінің 99%-ы шоғырланған.

Маңғыстау таулары Каспий теңізінің Маңғыстау түбегінде орналасқан. Ақтау жотасы ақ әктастан, ал Қаратау жотасы қара әктастан тұрады.

Қазақстанның биік таулы өлкелеріне Қазақстанның оңтүстік шығысы мен шығысындағы биік таулар кіреді. Ол тауларға Тянь-Шань, Алтай, Жетісу Алатауы, Сауыр-Тарбағатай жатады. Бұл таулардың барлығы палеозой эрасында көтерілген.

Алтай таулары – Қазақстанның шығысындағы тау. Негізгі бөлігі Ресей жерінде. Алтай тауы моңғол тілінен аударғанда, «алтын» деген мағына береді. Қазақстанға Алтай тауының оңтүстік батыс бөлігі ғана кіреді.

Сауыр-Тарбағатай таулары Шығыс Қазақстан облысының аумағында орналасқан. Солтүстігінде Жайсаң көлі мен оңтүстігінде Алакөл қазаншұңқыры орналасқан. Шығысқа қарай Сарыарқа тауларына жалғасады.

Жетісу Алатауы солтүстік шығысында Алакөл қазаншұңқыры мен оңтүстік батысында Іле өзені аңғары аралығында орналасқан. Жетісу (Жоңғар) қақпасы арқылы Қытай жеріндегі Ебінүр көлінің қазаншұңқыры Алакөл қазаншұңқырымен жалғасады.

АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

Санкт-Петербургтегі «Пальмира» баспасы Олжас Сүлейменовтің шығармалар жинағын шығарды.

АҚЫН ТРИЛОГИЯСЫ

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Бұл туралы белгілі журналист, әдеби кеңесші және рецензент Валерий Жандәулетов мәлімдеді. Оның айтуынша, баспа өкілдерінің өзі Олжас Омарұлына оның шығармаларын жариялау туралы өтініш білдірген.

«Өкінішке қарай, бүгінгі күні жастарымыз кітапты көп оқымайды. Тіпті, Ресей секілді оқырманы көп елдің өзінде соңғы уақытта қазақстандық авторлардың еңбектері жарияланбаған. Осы жылдың басында Санкт-Петербургтегі «Пальмира» баспасы Олжас Сүлейменовке шығармаларының жинақтарын шығаруды ұсынды. Кітаптар қазірдің өзінде шығып, Ресейге таратылуда. Алдағы уақытта Алматыда да таралым шығарамыз деп үміттенеміз», – деді ол.



Олжас Омарұлы шығармаларды жеке өзі таңдап, баспаға жіберді. Таңдау «Аз и Я», «Қыш кітап» және таңдаулы өлеңдер жинағына түсті.

– Біз ұзақ ойланyp, осы жұмыстарға тоқталдық, бірлесіп шешім қабылдадық. Ең алдымен, таңдалған өлеңдер жинағы «Аз и Я» – менің шығармаларымның ішіндегі ең танымалы. «Қыш кітабы» – маған ең жақын, өте мәнерлі кітап. Шығармаларды баспаға жібермес бұрын мен оларды қайтадан оқыдым. Мен танқалдым. Мен өз уақытымда ойларды қаншалықты керемет түрде тұжырымдай алдым, – деді автор.

Олжас Омарұлы жақын арада қазақстандық оқырмандар жинақпен танысуға мүмкіндік алады деп үміттенеді.

– Бұл біздің баспалардың бастамасына байланысты. Соңғы жылдары әдебиет дамымай, кенжелеп қалды. Бірақ бізде оның бұрынғы ұлылығын қайта жандандыруға үлкен әлеует бар. Барлық үміт жастарда, – дейді Олжас Омарұлы.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



МӘМС

ОҢАЛТУ – САУАПТЫ ӘРІ ЖАУАПТЫ ІС

Алматылық клиникалар 5,8 млрд теңгеге реабилитациялық көмек көрсетті

Қазіргі таңда адамзатқа үлкен қауіп төндіріп тұрған ғасыр дертінің бірі – жүрек-қан тамырлары аурулары. Сап-сау жүрген адам кенеттен қайтыс болса, «жүректен кетіпті» дегенді жиі естиміз. Соңғы деректерге сүйенсек, Қазақстанда жылына 50 мыңдай адам жүрек-қан тамырлары ауруына шалдығады екен. Ең қауіптісі, бұл ауру жас тандамайды, үлкен де, кіші де аяқастынан жүрегі ұстап, жүріп кетуі мүмкін. Көретін жарығы болып, тірі қалғандардың көбі сал боп қалады немесе өмір бойы төсекке тағылады. Ал инфаркттан, инсульттан кейін адам қалыпты өмірге оралуы үшін дер кезінде оңалту шаралары қолға алынып, науқасқа тиісті көмек көрсетілуі тиіс.



Тілеухан ӘБІЛДАЕВ,
МСҚ Алматы филиалының
директоры:

БОЛАШАҚТА САПА ДЕҢГЕЙІ КӨТЕРІЛЕДІ

Бүгінгі таңда науқастың денсаулығын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін реабилитацияның маңызы артып отыр. Мұны міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің артықшылықтарының бірі деуге болады. Жүрек-қан тамырлары және басқа да нейрохирургиялық, неврологиялық ауруларға шалдыққан жандар оңалтуға зәру. Мұндай науқастарды күтіп, бағу туыстарына да оңай емес. Сондықтан да міндетті әлеуметтік сақтандыру қоры барлық профильдер, соның ішінде оңалту қызметі бойынша жаңа клиникаларды жұмысқа тартумен тұрақты түрде айналысып келеді. Бұл емдеу мекемелеріндегі кезекті азайтып, пациенттердің медициналық көмекті пайдалану құқығын қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Биыл Алматы қаласында 75 медицина ұйымы реабилитация профилі бойынша қызмет көрсетіп жатыр. Олардың бәрі Қормен келісімшарт бекіткен. Пациент реабилитациядан өтетін клиниканы өз бетінше таңдай алады. Оңалту орталықтары көбейген сайын бәсекелестік те, сапа да жоғарылайды. Олардың нақты тізімімен Қордың fms.kz сайты арқылы танысуға болады. Жолдама аурухананың немесе емхананың мультидисциплинарлық командасының қорытындысы негізінде беріледі. Болашақта халыққа қызмет көрсететін медициналық қызметтің түрлерін көбейту, оның ішінде реабилитация саласының сапасын көтеру, қолжетімділігін арттыру, халықтың таңдау құқығын қамтамасыз ету бағытында жұмысымызды күшейте түсеміз.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Соңғы бірнеше жылда елімізде МӘМС енгізілгені бері медициналық реабилитацияға бөлінетін қаржы көлемі 13 есе артты. Салыстырмалы түрде алатын болсақ, 2019 жылы оңалту қызметіне бар-жоғы 600 млн теңге жұмсалған, 2022 жылы Алматыдағы реабилитациялық қызметтерге 7,5 млрд теңге қарастырылған.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорының Алматы филиалының директоры Тілеухан Әбілдаевтың айтуынша, биылғы жылдың 10 айында Алматы қаласының өзінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен 700 мыңға жуық медициналық оңалту қызметі көрсетілген. Оған Медициналық сақтандыру қоры тарапынан 5,8 млрд теңге жұмсалыпты. Жыл соңына дейін бөлінген 7,5 млрд теңге түгелімен еңсерілмек.

Қазіргі таңда денсаулығында туа бітті ақауы бар, инсульт немесе инфаркт салдарынан мидағы қан айналымы бұзылған, омыртқасына, буындарына немесе кардиохирургиялық ота жасатқан, қимыл-қозғалыс аппараты зақымданған пациенттер тегін медициналық оңалтудан өте алады. МӘМС арқылы көрсетілетін емнің бұл түрі емханалар

мен ауруханаларда ғана емес, жекеменшік клиникаларда, реабилитациялық және спорттық-оңалту кешендері мен санаторийлерде де көрсетіледі. Медициналық сақтандыру оңалту мен пациенттердің денсаулығын қалпына келтіруге бағытталған ем-шаралардың қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Инсульт, инфаркт алған немесе буыны ауыстырылған, тірек-қимыл аппараттарына ота жасалған, басқа да нейрохирургиялық, ортопедиялық емдер қабылдаған науқастар ең алғашқы оңалту шараларын ауруханада жатқан кезде қабылдайды. Емнің келесі кезеңдері басқа оңалту орталықтарында, санаторийлерде жалғастырылады. Науқастың сырқатына қарай сөйлеу, жүру, қозғалу әрекеттері біртіндеп қалпына келтіріледі.

Медициналық реабилитациялық қызмет көрсететін орталықтан ем алу үшін науқас алдымен өзі тіркелген емханадағы учаскелік дәрігер немесе жалпы тәжірибелі дәрігердің қабылдауында болады. Дәрігер науқастың денсаулық жағдайымен толық танысқаннан кейін құрамында реабилитолог, басқа да мамандар бар комиссия талқысына салады. Комиссия науқасты оңалтудың мүмкіндіктерін зерттейді. Содан кейін науқас екінші немесе үшінші кезендік оңалтудан өту үшін

порталға тіркеледі. Порталда қандай мекемелердің оңалту қызметтерін көрсететіні көрініп тұрады. Медициналық мекеме таңдалғаннан кейін кезегі келген кезде науқас сол оңалту орталығына барып 10 күн ем алады. Әр науқас 5 ай қатарынан әр айда 10 күн орталыққа жатқызылады. Медициналық сақтандыру қорынан әр науқастың 1 курстық еміне 240 мың теңге қаржы жұмсалады.

Алматы қаласы бойынша реабилитациялық қызметтер көрсететін мекемелердің бірі – «Аруана» оңалту орталығы. Күні кеше Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорының Алматы филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев БАҚ өкілдерімен бірге орталыққа барып, науқастардың жай-күйін біліп, медициналық мекеменің жұмысын өз көзімен көріп қайтты.

Шынар Мәлікқызы басшылық ететін «Аруана» оңалту орталығында бүгінде 71 маман қызмет етеді. Олардың барлығы дерлік жоғары медициналық білімі бар мамандар. Тіпті массаж жасаушылар мен жаттықтырушылардың өзі жоғары білімді дәрігерлер. Сондай-ақ, мұнда өте білікті логопедтер жұмыс істейді. Орталықтың жаттығу залы шетелдік жаңа жаттықтыру құралдарымен жабдықталған. Сондай-ақ, орталықта науқасқа алғашқы көмек көрсететін реанимациялық база да бар. Дәрігердің айтуынша, инсульт бірнеше рет қайталануы мүмкін қауіпті ауру болғандықтан, орталықтағы дәрігерлер науқасқа алғашқы көмек көрсетуге әрдайым дайын болу керек. Соңғы екі жылға жуық уақыт ішінде «Аруана» орта-

лығы 2600 науқасты аяғынан тік тұрғызып, қалыпты өмірге оралуына көмектескен.

Бүгінде орталықта ем алып жатқан науқастар өздеріне көрсетіліп жатқан оңалту қызметтеріне дән риза екендерін айтты. Бір науқас мұнда келгенде тілім күрмеліп сөйлей алмаушы едім, қазір сөйлей алатын болдым десе, енді бірі өздігімен дәретханаға бара алатынына балаша қуанып, шүкіршілігін айтады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ғалия МҰРАТҚЫЗЫ, «Аруана» оңалту орталығында ем алушы:

ЖАЗЫЛМАСҚА ЖАНЫҒДЫ ҚОЙМАЙДЫ

Ең алғаш 2011 жылы инсульт алдым. Жазылып кеттім деп, уақытында ем қабылдамай қалдым ба, 2021 жылы көктемде тағы да инсульт қайталанды. Ауруханадан шыққан бетте «Аруана» орталығына келдім. Бетім қисайған, қол-аяғым ұйып, мүлде істемей қалған. Орталықтағы әрбір маман, дәрігердің жүзінен мейірім төгіліп тұрады. Жаттықтырушы балалар, медбикелер, дәрігерлер мен логопедтер жазылмасқа жаныңды қоймайды. Палатада тұруға ерініп жатсақ, қоярда-қоймай жаттығу залына әкеліп, барлық жаттығуларды жасатады. Осындай кезде мен де біреуге керек екем ғой деп жүрегің тебіреніп, өмірге деген құлшынысың артады. Жүрген жерімде «Аруана» орталығы туралы айтып жүремін. Орталыққа үшінші рет келіп емімді жалғастырып жатырмын. Бетімнің қисайғаны түзелді, өздігіммен жүре аламын. Қолым енді-енді икемге келе жатыр. 32 жыл мұғалім болып істеймін. Көп ұзамай жұмысыма оралсам деймін. III топтағы мүгедектігім бар. Алла бұйырса, мүгедектікті де алып тастайтын күнге жетемін деп ойлаймын.

Шынар МӘЛІКҚЫЗЫ, «Аруана» оңалту орталығының директоры:

ӘР НАУҚАСТЫ ҚАЛЫПТЫ ӨМІРГЕ ҚАЙТАРУҒА БАРЫМЫЗДЫ САЛАМЫЗ

Бүгінде жүрек-қан тамырлары ауруына шалдығатын науқастардың орташа жасы 25–35. Біздің орталыққа 18 жастағы жас жігіт инсультпен түскен. Бұл аурудың асқынатын түрлі факторлар әсер етеді. Мысалы, нәресте туылғанда қан тамырлары қысылып қалуы мүмкін. Бұл кейін инсультке алып келеді. Сонымен қатар, соңғы жылдардағы ковидтің салдарынан жүрек-қан тамырлары аурулары көбейіп кетті. Бірақ бір нәрсе анық, дер кезінде кәсіби білікті маманнан ем алып, оңалтудан өткен науқастың 100 пайыз жазылып кетуіне мүмкіндігі зор. Біздің орталық науқастардың санына емес, сапасына жұмыс істейміз. Бізге келген әрбір науқастың қалыпты өмірге оралуына барымызды саламыз. «Аруана» орталығына нейрохирургия, неврология, кардиология, кардиохирургия, ортопедия, травматология секілді алты бағыт бойынша науқастарды қабылдаймыз. Қаладағы ауруханалармен тығыз байланыстамыз. Тіпті, республиканың басқа да өңірлерінен келіп ем алатындар бар. Өйткені, науқастың айығып кеткені өзі үшін де, дәрігерлер үшін де үлкен жеңіс.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ЗЕРДЕ

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Дина жылдың төрт мезгілінің ішінде қоңыр күзді жақсы көреді. Кейбіреулер бұл мезгілді қойны-қонышыңды суық желімен толтырып тоңдыратыны, бір толастамай жауатын суық жаңбыры һәм адамды жиі-жиі мұңға батыра беретіні үшін жақсы көре қоймайды. Өзі сол күрең күзде туғандықтан да болар, әйтеуір сап-сары жапырақтары аяқ астында көрпе болып жайылып жатқан саябақ ішін аралауды, жаңбырлы күндері қолшатырын сая етіп жалғыз қыдыруды жаны сүйеді. Дина – күздің емес, Желтоқсанның ызғарына тоңған қыз...



ҚАЙСАР ҚЫЗ

немесе «патриоттық сезім дегеніңіз жаһанға жар сала айқайлап айтатын дүние емес»

Бір жұтым қара су

Тергеу кезінде басты нысанаға Дина Талданбаева ілікті. Себебі, бәрі «жастардың басын қосып ұйымдастырған осы» деп бірауыздан түсінік берген еді. ҰҚК қызметкерлері мен милиция өкілдері оның жатақханадағы бөлмесіне астын үстіне шығарып тінту жүргізді. Ештеңе таппаған соң:

– Көкшетау халқы орыстанып кеткен, сондықтан олар үшін билікке кім келіп, кім кетсе де бәрібір. Ал сен осы аймаққа о баста арнайы тапсырмамен келгенсің. Студенттер арасына жік салып, үгіт-насихат жүргіздің. Плакаттарға ұран-сөздер жаздырып, бәрін алаңға жинадың. Шыныңды айт, сол түні саған астанадан ұшақпен ұшып келіп ақпар бергендер кімдер? – деп қыса бастады.

Осылай бірнеше күн едені сыз тартқан төрт қабырғада қамауда отырды. Бір тілім нан тұрмақ, қара су да жоқ. Ашқұрсақ қыздың сөйлеуге шамасы да қалмаған, тіпті тергеуге еңбектеп шығатын. Бірақ 24 жастағы қайсар қызды тергеуден олар да жалығар емес, түсініктен түсінік алып, әбден жан азабын шеккізді. Әлі есінде, сонда қазақтың бір қара баласы – айдауыл жігіт жаны ашып, жан-жағына жалтақтай қарап бір стакан су әкеліп бергені бар.

Сол кезде туған бауыры да Көкшетауда жұмыс істеп жүрген болатын. Олармен де тілдесуге болмайды. Сонда терезеден күнде бауыры езіле қарап тұратын ағасының бірде Динаға:

– Жерге қарап жүрмеші, адам өлтірген жоқсың ғой. Қиын болса да еңсенді тік ұстап жүрші. Нең бар еді алаңға шығып, Қонаев саған ай сайын жалақына жиырма сом артық төлеп тұрып па еді?! – деп кемсеңдегені бар нығы селкілдеп.

Бұдан кейін №1 кәсіптік училище ұжымында ашық партия, комсомол жиналыстары өткізіліп, «Теріс қылық жасады, үгіт-насихат жүргізіп, училище оқушыларын жағымсыз әрекеттер істеуге итермеледі», – деп Дина арнайы баппен жұмыстан шығарылды. Еңбек кітапшасына «аморальный поступок» көрсеткені үшін шығарылғандығын білдіретін дәу мөр де басылды. Сол кезде үлкен бір ұжым ішінен оларды жақтап бір ауыз сөз айтатын қазақтың бір азаматы табылмай, бұлардан бәрі тегіс теріс айналып шыға келді. Бастауыш партия ұйымының хатшысы болған, өте батыл, кез келген жерде ойын тіліп айтатын Бакыт деген апайлары да өзіне жалтақтай қараған қыздарға қарап, жұмған аузын аша алмаған. Сөйтіп, бір күнде бүкіл қала, дос-жаран жат болып шыға келді. Тіпті бұрынғы сәлемі түзу көзтанасы жандардың көрген жерде дереу бұдан құбыжық көргендей теріс айналып кете бара-

тын сәттерін қалай ұмытар! Жас маман ретінде берілген баспанасынан да бір-ақ күнде шығарылды.

Ол аздай, Көкшетау облысының бірінші хатшысы облыстық газетке «Дина Талданбаева бұл өңірге басқа облыстан келіп, халық арасының аражігін ажыратпақ ниетімен үгіт-насихат жүргізген. Ал жергілікті халықтың бұл жерде еш кінәсі жоқ» деген мәтіндегі үндеуін жариялады. Бұл үндеу облыс көлемінде талқыланып, барлық аудан-ауылдағы мекеме-ұжымдарда дүркін-дүркін жиналыстар өткізіліп, бәрінде де Динаның аты бірінші аталған.

«Дина, саған келіп тұр!»

Аузы-мұрны жоқ мылқау адамның күйін кешкен қызды тергеп-тексеру бұнымен тоқтаған жоқ. Милиция органдарының есігін бір жылдай тоздырумен жүрді. «Ешқандай шықпаймыз, жан адаммен телефонмен сөйлеспейміз», – деген қолхат та алынды.

Туған жеріне қайтуға болмайды. Бәрінен ада болған Гауһар екеуі Талшыққа келді. Бұл – құрбысының ауылы. Екеуі сол жерге жұмысқа орналасты. 1987 жылдың 17 желтоқсаны. Сағат түнгі үштің уақыты. Гауһар: «Дина, саған келіп тұр», – деп түртіп оятты. Жүрегі тағы зырк етті. Өзі жұмыс істеп жүрген мекеменің директоры Исаев екен. «Менімен бірге жүргін. Маған солай тапсырма берілді», – деп, алды-артына қаратпастан ертіп әкетті. Кейін білгеніндей, «жоғарыдан» «көтерілістің бір жылдығына тағы да бүлік шығарғалы жүр, қамауға алындар» деген бұйрық келген екен.

Гауһар бұдан ересектеу қыз еді, көп ұзамай Динаны әкесіне табыстап, «ата-анамның сүйегіне таңба салғандай болмайын» деп, бұрыннан сөз салып жүрген жігіттің етегінен ұстап кетіп қалды. Ал ең өкініштісі сол, «апасының төл қызы» болып ерке өскен Дина 1987 жылы әл үстінде жатқан апасымен бақұлдаса алмай қалған еді. «Неге келмей жатыр қара қызым?» деп есікке елденумен жатқан кейуанаға: «Қызыңыздың дәрежесі өсіп, жоғарылап кетіпті, қызметінен шыға алмай жатқан көрінеді», – деп жауап берген екен сонда туған-туыс.

Жетісу облысының Көксу ауданына қарасты Алғабас ауылының тумасы тек

араға 20 жыл салып, Ақмола облыстық прокуратурасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы №17/123-06 ақтау туралы анықтамасына қол жеткізді.

Жүректің қалауы

Қазір бәрі орнында. Бала күннен жақсы таныс, бір сыныпта оқып жүріп көңіл жарастырған досымен қол ұстасып, бақытты ғұмыр кешуде. Отағасы екеуі үш перзент сүйді. Үлкендері – Аслан сәл жұмсақтау, көңілге қарап тұрады. Ал егізі – Алмас пен Гауһардың мінездері өзіне тартқан, қайсар. Айтпақшы, қызының есімін аяулы құрбысы, баяғы көкшетаулық Гауһардың – Гауһар Кәрімованың құрметіне қойған.

Дина Нұрғазықызы елге, Жетісу жеріне табаны тие салысымен, 1988 жылы Талдықорғандағы «Ажар» тігін фабрикасына орналасты. Сонда табан аудармай бақандай 14 жыл еңбек етті. Сосын мемлекеттік қызметке ауысып, абыройлы еңбек етіп келеді. Биыл ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Міне, биыл қазақ жастарының ұранда-тып алаңға шыққанына 36 жыл болыпты. Жер-жерде сол елжанды жастардың қанымен келген Тәуелсіздік күні аталып өтеді. Әрине, бұл күні «желтоқсаншылар» да назардан тыс қалмақ емес. Бірақ Дина Нұрғазықызының жылда жүрегіне салмақ түсіретін бір жай бар: жазықсыз ұл-қыздарды жаппай қырып, қыршынынан қиған Желтоқсан оқиғасының шетіне тиіп-қашып барып қайтқан кейбіреулер жылда осы күнді малданып, әр-әр жерде жылт-жылт етіп, құшақ-құшақ гүлдерін, жылтырақ сый-сиялатын алып, шешенсіп сөз сөйлеп, дуылдап жүріп суретке түсіп жатады. Сонда жан жарасының бір сыздап өтетіні бар.

Былтыр Көкшетау жақтан бір азаматтардың хабарласқаны бар. «Сіз сонау жылдары Алматы жақтан келіп, біраз жапа шегіпсіз. Бізде «Құрметті азамат» атағын бергелі жатырмыз біраз кісіге. Сіз де келе аласыз ба?» деп. Дина Талданбаеваның сонда: «Мен ол тұста мені мақтан етсін деп, мақтан үшін шықпаған едім алаңға. Міндет етпеймін. Ол – жұдырықтай жүрегімдегі еліме деген шексіз құрметім болатын. Сол құрметім жүрегімнің түкпірінде сол күйінде қала берсін», – дегені бар.

– Патриоттық сезім дегеніңіз жаһанға жар салып айқайлап айтатын дүние емес. Отанға деген сүйіспеншілік тек жұдырықтай жүрегіңнің түбінде жып-жылы күйінде жатуы тиіс, – деп есептейді кезінде қаншама өзге ұлт өкілінің ортасында жүріп небір теперіш көрсе де сағы сынбаған, рухы мұқалмаған біздің кейіпкер.

«Алматылық қыз-жігіттерге дем берейік!»

Оның Алматы энергетика институтын бітіріп, Көкшетау қаласындағы №1 кәсіптік училищеде жұмыс істеп жүрген кезі еді. Тарихта алтын әріптермен жазылып қалған сонау 1986 жылдың 18 желтоқсанында радиодан Алматыдағы «араққа тойып алып, есірткіге елірген қазақ жастарының балабақша, дүкен біткеннің есік-терезелерін қиратып», Орталық алаңға шығып, билікке қарсы наразылық білдіріп жатқандығы туралы естігенде, бір орнында байыз тауып отыра алмады. Жүрегі өз кеудесіне сыймай, мың түлпардың тұяғындай дүрсілдеп, бөлмені шыр айналып жүрді де қойды. Ақыры шыдамай, көрші бөлмедегі Гауһарға барды.

– Билік басына сонау Мәскеуден өзге ұлт өкілінің келуіне басқа облыстардағы жастардың да қарсы екендігін білдірейік. Алаңға шығайық, алматылық ұл-қыздарға дем берейік, – деп еді, ер мінезді Гауһар құрбысы бірден қолдай кетті. Сол мезетте өзі жетекшілік ететін топтың оқушылары да есік қағып келіп қалды:

– Дина апай, естідіңіз бе, Алматыда көтеріліс болып жатыр дейді, – деп даурықты жеткіншектер. Ел деп, ұлт деп соққан кішкентай жүректерінен айналып кетейін өрендер өздері де ештеңе түсіне алмай аптығып тұрған болатын. Дина Нұрғазықызы оларға да ойын ашып айтты.

Жатақхананың бір қанатында училище қызметкерлері, екінші жағында сол білім ордасының оқушылары тұратын. Сол түні біразы ұйықтамай, шәкірттер арасындағы әскерден келген ересектеулері плакаттар жазып, дайындады. Ертеніне жатақханадан алпыс шақты жас Көкшетау алаңын бетке алып шығып кетті.

Бірақ олардың «сапары» бес минутқа да созылған жоқ, бұларды алаңда сақдай сай болып күтіп тұрған «қызыл жағалылар» бірден суретке, бейнекамераға түсіріп алып, арнайы көліктерге желкелей тоғыта бастады.



ТҰЛҒАТАНУ

ЖАРҚЫН ТҰЛҒАЛАР ЖАЛҒАСЫ

немесе «Alatau Aqparat» медиахолдингіндегі тағы бір айшықты күн



Көпшілік ілтипаты

Жәнібек Сүлеев өмірінің 36 жылын ақпараттық саладағы сүйікті жұмысына арнады. Өткен ғасырда ол КСРО Журналистер одағының мүшелігіне кірсе, ал жақында Қазақстан Журналистер одағының мүшесі болды. Ол өзінің мерейтойлық туған күнін бір отбасыдай ынтымағы жарасқан «Alatau Aqparat» ЖШС-нің үлкен редакциясында – әріптестері мен достары арасында қарсы алды.

– Бүгін біздің қымбатты әріптесіміз, көптеген жас журналистердің тәлімгері Жәнібек Азатұлы алыс жасқа толды. Бүкіл ұжым атынан мерейтой иесін туған күнімен құттықтаймын. Сізге денсаулық, бақыт, жұмыста және шығармашылықта одан әрі табыс тілеймін. Жақындарыңыз әрқашан қасыңыздан табылып, шаттыққа бөленіп жүре беріңіз, – деп, ізгі ниетпен «Alatau Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры Төлеміс Күлмұхамедов алғашқы болып тілек айтты.

Әріптестер атынан ресми құттықтауды Бас директорың шығармашылық мәселелер жөніндегі орынбасары Гүлжазира Сейдахмедова оқыды: «Құрметті Жәнібек Азатұлы! Сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздің атаңыз Біләл Сүлеев – қоғам қайраткері, ағартушы, «Алаш» партиясының мүшесі, журналист және драматург. Ол большевик билігі тарапынан қуғын-сүргінге ұшырады. Ал әкеңіз Азат Сүлеев – атакты аудармашы, қазақ әдебиетінің білгірі болды. Сіздің балалық шағыңыз Қазақстан зиялыларының ортасында өтті. Бұл жағдай сіздің болашақ шығармашылық тағдырыңызды алдын ала анықтаған болуы керек. Қарулы Күштер қатарында қызмет еткеннен кейін сіз өміріңізді қазақстандық журналистикамен байланыстырып, табысты жетістіктерге жеттіңіз. Сіз өзіңіздің сүйікті жұмысыңызға көп уақыт пен күш жұмсай отырып, барлық жоғары марапаттарға ие болдыңыз. Сізге денсаулық, амандық және әрі қарай да шығармашылық табыс тілейміз».

Ресми құттықтаудан кейін асқаралы алып жасқа толған әртісміздің басына бөрік кигізіп, иығына шапан жабылды. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы салт-дәстүрі мен Ұлы дала заңдары бойынша Жәнібек Азатұлы ақсақал деген құрметке ие болды.

Отбасы шежіресі

Бір саланың жүгін көтерген достары мен әріптестерінің әрқайсысы туған күн иесін құттықтауға асығып, оның жоғары кәсіби билігін ғана емес, сонымен қатар тұла бойындағы дарынын, ерекше жеке қасиеттерін де атап өтті.

Ақ тілектердің арасында мерейтой иесі – Жәнібек Сүлеев туралы көптеген жаңа мәліметтер, оның ішінде кәсіби мансабынан бөлек, бір шаңырақтың шежіресін құрайтын тарихи деректер айтылды.

– Шынымен де, туған күн иесі – Жәнібек Сүлеев екеуімізді көп нәрсе байланыстырады. Мен бұл туралы бірнеше рет айтқанмын. Өз заманында дарынды тұлға, өз халқының ең білімді өкілдерінің бірі, қазақ тілімен қатар, орыс және татар тілдерін өте жақсы меңгерген атаңыз – Біләл Сүлеев туралы менің анам көп айтатын, – деп туған күн

Осының алдында біз «Alatau Aqparat» медиахолдингінің қабырғасында Қазақстанның Құрметті журналисі, әріптесіміз Жәнібек Азатұлы Сүлеевтің алпыс жылдық мерейтойы аталып өткенін хабарлаған болатынбыз. Қадірлі оқырманға тек қоғамдық-саяси ғана емес, сонымен қатар ішкі тыныс-тіршілік пен медиахолдинг өміріндегі барлық маңызды жаңалықтарды айтудың жақсы дәстүріне сүйеніп отырып, біз осы айтулы оқиғаға толығырақ тоқталуды жөн көрдік. Себебі, қоғам қайраткері және мәдениеттанушы Мұрат

Әуезов, Қазақстан журналистикасының корифейлері – Сағымбай Қозыбаев, Сейітқазы Матаев және Валерий Жандәулетов сияқты көрнекті тұлғалар күн сайын қонақ бола бермейді. Тұрақты оқырмандарымыз бұл кісілер қос басылымның («Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty») Шығармашылық даму кеңесінің құрамына кіретінін жақсы біледі. Алдыңғы буын ағаларымыз тек жұмыс бабымен шектелмей, бұл жолы бұрыннан таныс мерейтой иесін жеке құттықтауға келген.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

жалғасы болғанына өте қуанамын, – деп түйіндеді Мұрат Әуезов.

Жауапкершілік жүгі

Айтылған тілектерді қостаған Қазақстан Журналистика академиясының басшысы, тарих ғылымының докторы Сағымбай Қозыбаев асылдардың жолын жалғастыру оңай емес екенін айтып, Жәнібек Сүлеевтің әйгілі ата-әкесіне лайықты ұл болғанын атап өтті.

– Сүлеевтер отбасының байрағын бұдан әріде де жоғары көтеріп жүруді тілеймін. Бұл өте үлкен жауапкершілік. Бүгінгі туған күн иесі Жәнібек Азатұлының марапаттары жолда жатқан жоқ. Мұны бағалап, әрі қарай табысты жұмыс істеуді жалғастыру керек. Ол үшін зор денсаулық пен шабыт тілеймін, – деді Сағымбай Қозыбаев.

Құттықтаулар легіне Қазақстан Президенті баспасөз қызметінің негізін қалаушылардың бірі, журналист Валерий Жандәулетов қосылып, жылы лебізін білдірді. Ал Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев мерейтой иесінің кеудесіне медаль тағып, оған «Қазақстанның Құрметті журналисі» куәлігін табыстады.

– Журналистиканың жампоздарына берілетін ең жоғары атақты алуыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Жәнібек Сүлеев өз ісінің кәсіби маманы ғана емес, сонымен қатар өте жанашыр және мейірімді адам, оған көпшілік қауым куә. Мен мерейтой иесіне және оның бүкіл отбасына тек жақсылық тілеймін. Алда әлі де көптеген шығармашылық жетістіктер күтіп тұрғанына сенімдімін, – деп атап өтті Сейітқазы Матаев.

Мерекелік дастарханға қосыла алмаған белгілі ақын, жазушы және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің де шын жүректен шыққан құттықтау сөздері оқылды.

Мансап жолы

Жәнібек Сүлеевтің журналистикада жүргеніне бірнеше он жылдықтан асты. Ол партиялық газеттерді ашып, бүгінде «Зона.kz» деп аталатын қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының тарихында тұңғыш рет «Навигатор» интернет-газетін құрудың бастауында тұрды. Сондай-ақ, «Арай-Заря» журналының орыс редакциясының меңгерушісі, «Қазақстанның Халық бірлігі» Одағының ақпараттық-саяси жұмыс орталығының меңгерушісі, «Қазақстан қаржысы» журналының тілшісі, «Дәуір-Время» газеті бас редакторының орынбасары, «Бірлік» газетінің саяси шолушысы, «Новое поколение» газетінің бөлім меңгерушісі, саяси «Атамұра – Столичное обозрение» газетінің шолушысы, Алматы облыстық Ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бас маманы, «451° Фаренгейт» газеті бас редакторының орынбасары, «Навигатор» интернет-газеті мен «Мегаполис» газетінің шолушысы қызметтерін атқарды.

Жәнібек Сүлеев әрқашан қоғамдық өмірге белсене қатысып, бүгінде өнімді жұмыс істеп келеді. Жақын және алыс шетелдерден келген әріптестерімен ынтымақтастықты қолдауға және нығайтуға көмектеседі. Кәсіби еңбегінен басқа, Жәнібек Азатұлы – екі тамаша бала тәрбиелеген үлгілі әке. Оның достары мен әріптестері туған күн иесіне зор денсаулық, ұзақ өмір және шығармашылық үшін сарқылмас қуат тіледі. Бұған жауап ретінде мерейтой иесі барлығына шын жүректен алғыс айтып, кәсіби салада тынымсыз еңбек етуді жоспарлап отырғанын атап өтті.


Әзірлеген Досбол АТАЖАН.



Д.ҚОНАЕВ – 110

ЖЕР БЕТІНДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚОРҒАУШЫСЫ

Кемеңгердің Иранға келуі ирандық қазақтар үшін ең үлкен маңызды оқиға болды



Адам баласының өмірінде өмір бойы есте сақтап қалатын, ешқашан ұмытылмайтын ерекше бір сәттер, әсерлі кездесулер, ғажайып оқиғалар, шын ниетпен алған ақ баталар және т.с.с. аса маңызды жәйттер болады. Бір қызығы, мұндай маңызды жәйттерді сол адам үнемі қай кезде болмасын еске алып отырады да, сол жағдайды кеше ғана басынан өткергендей күй кешеді. Тура осыдан отыз жыл бұрын, 1992 жылы күз айында Алматы қаласында Дүние жүзі қазақтарының бірінші құрылтайы өтіп, шетелден келген бір топ қандас бауырлар Димекен, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа сәлем беріп шығуға келіседі. Сәлем беріп шығушылар ішінде жасы 40-қа енді ғана толған Ислам Жеменей бауырымыз да бар еді. Димекеннің үйіне барып, сәлем беру, амандасып қолын алу – шеттен келген бауырлар үшін ерекше мәртебе болса, Ислам үшін оны сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Оның себептері де жоқ емес-ті.

ҚОНАЕВТЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫ

«Тама берсе тамшы да тас жарады» дегендей, бала кезінде, жас шағыңда нені армандасан және сол үшін әрекеттенсең, түбінде сол армандар орындалады, соған жетесің. Ислам да бала кезінде Д.А.Қонаев есімін Иран елінің солтүстігіндегі бір провинцияның алыс ауылында жүріп естиді. Естігенде қандай! Үлкендердің айтуына қарағанда, Дінмұхамед Қонаев Иранның сол кездегі шахы Мұхаммед Реза Пехлевидің (1919–1980) нағыз досы екен. Ол өзі Кеңестер Одағындағы қазақтардың патшасы екен. Иран шахы КСРО-ға барғанында немесе Д.А.Қонаев Иранға келгенде екеуі танысып, дос болыпты да, Ирандағы аз санды қазақтарды ренжітпей, оң қабақпен қарарсыз деп Қонаев шахқа өтініш білдіріпті, ал шах оны орындаймын деп уәде етіпті деген әңгіме желдей еседі. Ал осы әңгіменің рас-тығының дәлелі ретінде қазақтар тұратын әр ауылдық мешітке шах атынан кілемдер сыйға беріліпті.

«ХАЛҚЫҢА АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТ!»

Бұл оқиға сол кезде Иранда тұратын барлық қазақ үшін ең үлкен маңызды оқиғалардың бірі болып саналды. Ирандағы әрбір қазақ Димаш ақсақалды туысым деп білсе, Ислам секілді жас балалар қазақ елінің басшысын қиялдағы хас батыр – Алпамысқа теңеп, бүкіл жер бетіндегі қазақтардың қорғаушысы деп санайды және өздеріне туыстан да жақын адам ретінде қабылдайды. Егер Қазақстанға келсе бірінші болып Димекеннің қолын алуды, онымен бір сәтке болса да жүздесуді армандайды. Сол кездерде 12-13 жастағы Ислам да Димаш атасын бір көруге жаздыра көр деп күніне Құдайдан мың рет тілеп отырады. Ақыры, тілегі қабыл болып, делегация құрамына Ислам да енгізіледі.

1992 жылы Қазақтардың Дүниежүзілік бірінші құрылтайынан кейін бір топ қандастармен бірге Димаш ақсақалға Ислам Жеменей де сәлем беріп шығады. Шәй үстінде кезегі келгенде Ислам Ирандағы қазақ бауыр-

ларының сәлемін жеткізеді және Димекенге өзінің бала кездегі қиялы туралы қысқаша болса да айтып береді. Исламның айтқан әңгімелері қатты әсер етсе керек, Димекен де қатты тебіреніп, толқып кетеді. Қоштасарда Димекен жеке түскен бір суретінің сыртына өз қолымен қолтаңба жазып, Ислам Жеменейге тапсырады. Онда Дінмұхамед Ахметұлы: «Ислам ініме! Халқыңа адал қызмет ет!», – деген тілек-батасын береді. Сөйтіп, бала кездегі арман-қиялының жүзеге асқанына өте риза болған Ислам Жеменей, бірден жаңа ғана өз егемендігін қолына алған Қазақ елінің тәуелсіздік тұғырының нығаюы үшін халқына қызмет ету үшін бар күш-қайратымен, жан-тәнімен кіріседі.

Ислам Жеменейдің тәуелсіз Қазақ еліндегі еңбек жолына көз жүгіртер болсақ, алдыменен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы оқытушылық қызметі көзге ілігеді. Өзінің дербес жолын тандап алған елімізге тәуелсіздіктің алғашқы жылдары сыртқы байланыстарын дамыту үшін шет тілін білетін мамандар өте қажет еді.

Қазіргі кезде шет тілдеріне мамандар даярлайтын бірнеше оқу орны, қаншама орталықтар жұмыс істеп жатса, XX ғасырдың 90-жылдарының басында ондай орындар ҚазҰУ-да жаңадан ашылып жатқан болатын. Өз жұмысының тәуелсіз еліміз үшін аса зор екенін түсіне білген И.Жеменей шет тілдерін білетін шәкірттер даярлау ісіне өте құлшыныспен кірісіп кетеді. Ол парсы тілін үйренетін студенттерге арнап оқу құралдарын және парсы-қазақ, қазақ-парсы сөздіктерін шығарады. Төрт-бес жыл ішінде Ислам Жеменей Ұлттық университетімізде парсы, түрік тілдерін жетік меңгерген бірнеше ондаған мамандар тәрбиелеп шығарады. Қазіргі күнде олардың алды Сыртқы істер министрлігінде, Ауғанстан, Пәкістан, Иран сияқты елдердегі еліміздің елшіліктерінде жауапты қызметтер атқарып жүр. Олардың бәрі И.Жеменейді әрі ұстаз, әрі ағайы ретінде сыйлап, құрметпен еске алып отырады.

ТҮРКІ ӘЛЕМІМЕН РУХАНИ БАЙЛАНЫС

Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында Қазақстанның ақпарат кеңістігінде қазақ-түрік тілдерінде «Заман–Қазақстан» газеті шыға бастағанын ешкім де ұмыта қоймаған шығар. Бұл газет қазақ халқының түркі әлемімен рухани байланыс жасауында белгілі бір роль атқарады. Осы газетті ұйымдастырушыларының бірі Ислам Жеменей болғанын қазір біреу білсе, біреу білмейді. 90-жылдардың ортасына дейін қазақ елінің рухани, мәдени өміріне белсене араласқан ол біртіндеп ғылымға бет бұра бастайды. Тұмысынан талантты, шаршауды білмейтін, үлкенді аға деп құрметтейтін, кішіні іні деп сыйлайтын, имандылықты ту етіп ұстайтын Исекең ғылымдағы ұстаздары, филология ғылымының докторлары, профессорлар – Мекемтас Мырзахметұлы мен Әбсаттар Дербісәліұлының жетекшілігімен әдебиет ауылына бет бұрады да, диссертацияларын сәтті қорғап шығады. Алдыменен филология ғылымы бойынша ғылым кандидаты, көп ұзамай ғылым докторы ғылыми дәрежесін иеленеді.

ОТАНДЫ ЖҮРЕКПЕН СҮЮ

Ортағасырлық парсы тіліндегі қолжазбалардан қазақ тарихы мен әдебиетіне қатысты көптеген мәліметтерді ғылыми айналымға енгізе отыра, ол парсының классик ақындарының шығармаларынан түрік әлеміне, қазақ халқына қатысты көптеген құнды жаңалықтар табады, екі жақты әдеби, рухани байланыстардың ежелгі дәуірлерден бері жалғасып келе жатқанын дәлелдеп береді. Парсы-түрік мәдениеттерінің арасындағы ұқсастықтар мен өзара байланыстар туралы тұшымды тұжырымдар жасайды. Оның осы бағыттағы ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалаларын есептемегеннің өзінде жеке монографияларының саны жиырмадан асады. Сонымен бірге, әртүрлі қазақ тіліндегі мерзімді басылымдарда тәрбиелік және ғылыми-танымдық сипаттағы мақалаларын жариялап, көпшілікке ой тастар пікірлер білдіріп жүр. Оның Отан туралы, ел, халық туралы, тіл мен дін туралы айтқан ойлары қазіргі кезде идеологиямызға негіз боларлық дүниелер. Отанды ақылмен сүю, жүрекпен сүю, сезіммен сүюдің қандай болатынын талдап беруі, нағыз отансүйгіш азаматтың қолынан ғана келетін іс.

«ТАРИХ-И РАШИДИ»: түпнұсқаны қазақша аударған ғалым

Оның ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеуге қосқан үлесінің өзін бір төбе деуге болады. 90-жылдардың аяғында Халықаралық Дулати қорының тапсырмасымен ол Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» атты классикалық шығармасын түпнұсқадан қазақ тіліне аударды. 2003 жылы қалың оқырмандар қолына тиген бұл кітап тарихшыларымыз үшін ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеуге зор мүмкіндіктер ашты. Біздің кейіпкеріміз өзінің ғылымдағы адал еңбегі арқылы қазақ филология ғылымында ойып алар орынға ие болған ғалым. Өзінің адами қасиеттері арқылы ғылымдағы аса буын өкілдерімен де, қатарластарымен де, кіші буын өкілдерімен де, тіпті басқа қоғамтану ғылымының өкілдерімен де жақсы сыйласып жүрген нағыз азамат. Кезінде Д.А.Қонаев атамыздың «халқыңа адал қызмет ет» деп берген ақ батасын бүгінде әдебиетші-ғалым, профессор Ислам Жеменей бұлжытпай орындап келеді. Оның күні бүгінге дейін жарық көрген еңбектері, айтқан ойлары, жасаған тұжырымдары, білдірген пікірлері тәуелсіздігіміздің тұғырын тереңдете түскеніне кәміл сенеміз.

Берекет БАҚЫТЖАНҰЛЫ,
ҚР ҰҒА академигі.

● БІР СУРЕТТІҢ ТАРИХЫ

КСРО делегациясының басшысы Д.А.Қонаевтың Иран шахы Мұхаммед Реза Пехлевимен Тегеранда кездесуі. 1968 жыл.



СӘТТИ ОТА



Жас пациент аман қалды



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Орталық қалалық клиникалық ауруханаға оң жақ сан сүйегі сынған 30 жастағы ер адам түскен.

Сынықтың ашық болуына байланысты операциядан кейінгі кезеңде инфекциялық асқыну қаупі жоғары болады. Сан сүйегі басының сынуы осы аймақтағы қан айналымын нашарлатып, сынықтың бірігуі қиындап, салдарынан адам мүгедек болып қалуы мүмкін.

Науқастың жас екенін, яғни оның бұлшық еттері күрделі реабилитацияға дайын екенін ескере отырып, аурухананың ортопедтері эндопротездеу емес, пациентті мүгедектіктен сақтап қалатын операция жасауды ұйғарды. Яғни пациенттің барлық сүйек пен буындарын аман алып қалды.

Науқасқа операцияны екі кезеңде жасау туралы шешім қабылданды. Бірінші кезеңде оң жақ сан сүйегінің сынығы сыртқы бекіту құрылғысымен тұрақтандырылды. Осыдан кейін науқас жаралары жазылып, зертханалық көрсеткіштер тұрақтанғанша амбулаторлық емделуге жіберілді. Екі аптадан кейін пациент өз бетімен балдақтың көмегімен жүре бастады.

Екінші кезеңде екі айдан кейін емдеудің жоғары технологиялық заманауи әдістерін қолдану арқылы остеосинтез жасалды. Атап айтқанда, АВФ демонтажы, бұрндалы стерженьмен (гамма шеге) жабық түрдегі интрамедуллярлы остеосинтез.

Дәрігер Руслан Токушевтің айтуынша, орнатылған стерженьнің арқасында науқас бір-екі күнде дерлік қалпына келеді, қазірдің өзінде тіреуіш көмегімен қозғала алады. «Операция барысында науқастың денесінің ішінен сүйек сынықтарын бекіттік, операция сәтті өтті, операциядан кейінгі кезең еш қиындықсыз өтті. Бір аптадан кейін науқас амбулаторлық емдеуге жіберілді. Ол екі мәрте сауықтыру емін өтті. Қазіргі күні ешқандай тіреуішсіз өз бетімен қозғалады, сөйтіп белсенді өмір көшіне ілесіп кетті», – дейді операция жасаған «алтын қолды» ортопед Руслан Токушев.



САЯТШЫЛЫҚ

Бала күнімізде ауылда тұрдық. Ауыл болғанда да, малшы ауыл-тұғын. Баржоғы екі қазақы қоржын там. Қыстың күні Сырдария өзенінің жағасы түгел қатады. Жер беті аппақ қарға оранады. Кейбір тақыр жерлерде мұнар құм арасынан қысылып шыққан жел ытқи жөнелетін. Үскірік аяз өне бойыңды қармайды.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Қыс түссе, Мешейілге қатынас үзіледі. Әкейдің көк тракторы болатын, сол ғана жүре алатын. Оның дөңгелегіне шынжыр байлайды. Әйтпесе, телешкесі түгілі қарақан басын сүйреп қарқ қылмайды. Біздің көк трактордың бармаған жері, баспаған тауы жоқ. Қыстай отын-суды сол тасиды. Оның оталмасына қоймайды. Үлкендер моторын шұқылап, пускашын бұрап, әзер дегенде оталдырады. Ал бір оталып кетсе, бар тірлікті атқарады. Кейде қоян, қырғауыл ататын болса да мініп алатын кездер болады. Ал біз мектепке енді барған баламыз. Қысқы демалыста міндетті түрде малшы ауылға тартатынбыз. Шиелі кентіндегі қызық сонда жалғасады.

АҢШЫЛЫҚ

Осы күнге дейін таңданамын. Алғашқы қар жауса, әке-ағаларымыз дереу мылтығын октай бастайтын. Үйдің айналасы қорғасынға толатын. Ошақ қорада, жарамсыз аккумулятор ерітетін. Патрондарды ретке келтіретін. Мылтықты майлайтын. Осылайша түгел тексеріс жасайтын. Ал бала-шағаны ол жерге жолатпайтын. Аса сақтықпен қарайтын.

Көрші үйде апам мен жездем отбасымен тұратын. Үйінде әртүрлі жастағы бала-шағасы көп болатын. Бір қауым ел-тұғын. Маған ғана солай ма, сол үйдің тамағы тәтті, үй-іші тап таза болып көрінетін. Оларда жылқы, сиыр, түйе бар. Бәрі де асыл тұқымды, ірі-ірі, етті һәм сүтті еді. Ол үйдің күрең айғыры болатын. Оны «Кер ат» деп атайтын. Жездемдерде бір үйір жылқы бола қоймады. Жылда көктем мен күзде құлындарын қасқыр тартып кететін.

МЕРГЕН

Әр істің шебері болады. Ел арасында «шымшық сойса да, қасапшы сойсын» деген сөз бар. Тегі рас. Шын мәнінде жездем өз ісінің шебері-тұғын. Ісмерлігі бар болатын. Қақпан мен тұзақты құрғанда, одан аңның сытылуы екіталай еді. Өмірде ісі және сөзі нық кісілер болады ғой. Жездем



ұлпаның бетіне түскен қоян, қырғауылдың ізін аңдитын. Көбіне қоян алатын. Дәлірек, жездем мерген еді. Жанында жүрген, көзімен көргендер «құралайды көзге ататын мерген» дейтін.

Бірде әкемдер аңшылыққа шықты. Бас жолбасшысы жездем. Оның бала-шағасы бәрі шығыпты. Тоғайды қанша кезсе де, бір аң кездеспепті. Он алтылық мылтықты әбден майлаған. Іздегенде бір қырғауылдың жолықпағаны қиналтады. Сөйтіп тұрғанда, жездемдердің тазылары қалың нудың арасына кіреді. Ақ қар, көк мұздың ортасымен өтіп бір қырғауылды ұшырады. Мұны сезген жездей мылтығын әзірлеп тұр екен. Өлгі құс ұша бергенде аттың үстінде кетіп бара жатып, көздеп тұрып құсты сұлатып түсіреді. Сонда оның дара қасиетіне қасындағылар тағы бір мәрте таңқалысыпты. Аттың үстінде кетіп бара жатып, қансонарда аңды дәл ату оның қас шеберлігін айшықтайды. Кейіннен бұл әңгімені әкемдер ұзаққа дейін аңыз қылып айтып жүрді.

АДАМНЫҢ ДОСЫ

Көбіне біреуді мадақтағанға шеберміз. Алайда, айналадағы тіршілік атаулы адамға жәрдемші екенін естен шығарамыз. Бұл жолы олай еткіміз келмеді. Арнайы бала кездегі естен кетпес оқиғаларға тоқталғымыз келді.

Сыр бойында малды ауылда тұрған кездер қызыққа толы еді. Әр күні өзінше бір жаңалық болатын. Аға-әпкелерміз, іні-қарындастарымыз бір-бірімізбен қар атысатынбыз. Арасында мұзға шапамен сырғанайтынбыз. Осындай қызықшылықтың көркін қыздыратын, әлгі тазылар мен тө-

беттер-тұғын. Оларсыз онша қызық болмайтын. Бізбен бірге ойнақшып, жүгіріп, әйтеуір айналаны жадыратып жіберетін. Баланың өзімен ойнап тұрғанын сезсе керек-ті.

Талай мәрте иесімен бірге иттер де аңға шықты. Сонда қалың қамыс, ит тұмсығы батпайтын шеңгел, жыңғыл, тораңғыл арасынан атқан аң-құсты өзі жеп қоймай, иесіне әкелетін. Міне, осылайша иттің адамға деген адалдығын талай мәрте байқадық. Түнде қыстың көзі қырауда, жел есіп, үскірік аяз бетті қармап тұрғанда, малқораға қасқыр, шағалды жолатпайтын. Үй-жайды күзететін. Осылайша қысты әртүрлі істермен өткізетінбіз. Кейде қалың қар жауса, есікті аша алмай қалатын кездер болатын. Осылайша екі қоржын тамның түтіні, қыстың көзі қырауда, тұман болғанда будақтап шығатын. Өлгі атқан аң-құсты тазалап, тамақ пісіріп, кешкісін шаммен отырып, баршамыз жейтінбіз.

Осы күні екі үйде қанырап бос тұр. Кісі тұрмағаннан кейін, екі қоржын там, қорақопсы бәрі қираған. Жакында ол жердің өзге иелері пайда болғанын естідік. Жездем дүние салды. Оның бала-шағасы әр өңірде ғұмыр кешуде. Біз де ауылға көштік. Мұның бәрі уақыттың талабы болды деп ойлаймыз. Оқу оқып, осы күні алып Алматыда тіршілік етудеміз.

Кей-кейде көңілде тұрған дүниені хатқа түсіруді жөн көреміз. Баяғыда 93 жыл ғұмыр кешкен Дәу әкеміз «бұрынғы оқиғаның қазір бәрі ертек сияқты» дейтін. Бұл астарлы дүниені бала кезде ұқпадық. Уақыт сырғыған сайын баяғының бәрі санада жаңғырып, көз алдымызда тұрғандай сезіледі. Қайран күндердің мәңгі есімізде сақталатыны айқын.



сондай еді. Жасының үлкендігіне қарамастан алғашқы қарда аңға бірінші болып шығатын. Қасына үш ұлының бірін ертетін. Құмай тазыға ұқсаған екі иті және бар. Ал бір иті үйін күзетіп қалатын. Кей-кейде әкемдер де бірге баратын. Олар ақ

P.S.: Қансонар – қазақтың ең ежелгі дәстүрлерінің бірі. Есте жоқ ескі заманнан қалған үрдіс. Уақыт өте келе арнайы кәсіпке айналған. Бұл саланың майын ішкендер – құсбегілер. Аталған құндылығымызды сақтау бәрімізге парыз.

МАРАПАТ

Алматыда Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында республикалық «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

«Айбоз» сыйлығы табысталды



Досбол
АТАЖАН

«Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығы – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған бірегей жоба. Елімізде тұңғыш рет берілгелі отырған ұлттық байқаудың мақсаты – қаламгерлер мен баспагерлерге мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсету, қазақ әдебиетінің тұғырын нықтап, жаңа белеске көтерілуіне жағдай жасау, қаламгерлердің еңбегін насихаттап, бағыт беру және олардың шығармашылық жұмыстарының жарық көруіне ықпал ету.



«Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығы 7 номинация бойынша өткізілді.

«Үздік поэзия» номинациясы бойынша «Жұмбақ арал» поэмасының авторы – Батырхан Сәрсенхан, «Үздік проза» номинациясы бойынша «Тырнақ» әңгімесінің авторы – Айгүл Кемелбаева, «Үздік драматургия» номинациясы бойынша «Мың мен жалғыз...» пьесасының авторы – Талғат Теменов; «Үздік аударма» номинациясы бойынша Стефан Цвейгтің «Амок», «Бақылық ағаның көз жасы» новеллаларын аударған – Кенжебай Ахметов, «Үздік балалар әдебиеті» номинациясы бойынша «Іздер құпиясы» детективтік романының авторы – Бекен Ыбырайым, «Үздік комикс» номинациясы бойынша «Жетпіс палуан» комиксінің авторы – Жантас Набиоллаұлы, «Үздік кітап дизайны» номинациясы бойынша «Кенесары хан уа сұлтан Сыдық» жұмысымен – AmaBooks баспасы жеңімпаз атанды. Әр аталымнан үздік атанған бір жеңімпазға 5 миллион теңге сыйақы берілді.

«Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығына үміткерлерден өтінім 2022 жылдың 15 маусымы мен 1 қазаны аралығында қабылданған. Осы уақыт ішінде барлық жанр бойынша 400-ден астам өтінім келіп түсті.

Ұлттық байқау жеңімпаздарын марапаттау шарасына Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі, белгілі қоғам және өнер қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, қаламгерлер және т.б. руханият жанашырлары қатысты. Сондай-ақ, салтанатты шара барысында өнер жұлдыздарының қатысуымен театрландырылған көрініс қойылып, «Сазген сазы» ансамблі өнер көрсетті.



ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ – 2022

БӘРІНЕ КІНӘЛІ БАС БАПКЕР

немесе қанша жаттықтырушы қызметінен кетті?



Төрт жылда бір келетін Әлем чемпионаты ел намысының ғана емес, команданы баптап дайындаған бас бапкерлердің де сыналатын кезі. Бұған дейінгі барлық жетістігінді 30 күндік бір турнирдің өзі жоққа шығарып тастауы мүмкін. Катардағы жаһандық дода да бұл жағынан жаттықтырушыларды аяп жатқан жоқ. Қызметінен кеткен бапкерлер аз емес.

Әлем чемпионатында ширек финалдың ойындары басталып кетті. Кеше беттер қатылып, газет баспаға барып қойған уақытта 1/4-финалдың алғашқы екі ойыны өтті. Хорватия мен Бразилия кездесті және Нидерланд құрамасы Аргентинамен ойнайды. Ал бүгін тағы екі матч бар. Азуын айға білеген Испанияны еліне қайтарған Марокконың шамасы пиренейліктердің тағы бір құрамасы Португалияға жете ме? Қызық сұрақ. Сондай-ақ, Англия мен Франция арасындағы айқасты да асыға күтеміз.

Ал жаһандық доданы сәтсіз өткізгендер өзіндік қорытынды шығаруды бастап та кетті. Бас бапкерлерін ауыстырып үлгерген құрамалар да бар. Бірінші болып португалия-

лық маман Карлуш Кейруш кетті. Иран құрамасының тізгінін екінші рет ұстаған оған биыл топтық кезеңнен шығуға бір жеңіс аздық етті. Әйтпесе, парсы командасы Азиядағы іріктеу кезеңін бірінші орынмен аяқтаған. Әлемдік рейтингте үздік 20 құраманың қатарына кіруге септік болған да Карлуш Кейруш еді.

Бельгия құрамасы да 2016 жылдан бері сеніп келген Роберто Мартинеспен қоштасты. Испаниялық маман бұл команданы 2016 жылдан бері жаттықтырып, әлемдік рейтингте бірінші орынға дейін көтерді. 2018 жылы жылғы Әлем чемпионатында қола жүлдеге қол жеткізіп, Бельгия тарихындағы алғашқы медальді әперді.

Әлем чемпионатын өте сәтсіз өткізген Германия, тіпті, 2004 жылдан бері Бас менеджер болып келген Оливер Бирхофты қызметінен босатты. Негізі Бирхофф «Бундестимнен» 2018 жылы кетуі керек болатын. Алайда, Федерация басшылары бас бапкер Йоахим Левті кетіріп Бирхофты қалдырған. Қазіргі бас жаттықтырушы Ханс Дитер Флик те ұзақ отырмайтын секілді. Фликтің «Неміс машинасын» жаттықтырғанына бір жылдан енді ғана асты. Сондықтан Германия футбол федерациясының басшылары әлі де оған мүмкіндік беріп отыр. Бірақ жақын болашақта бұл тізгінді Юрген Клопп ұстайды дейтіндер де көп.

Күтпеген жерден Мароккодан жеңілген Испания құрамасы да бас бапкерін алмастырды. Луис Энрике «Қызыл фурияны» 2018 жылдан бері жаттықтырып келді. 2020 жылы Еуропа чемпионатының жартылай финалына дейін жеткізіп, тек пенальти сериясында ғана Италияға есе жіберді. Бұл

жолы да испаниялықтар пенальти тебе алмады. Қызметінен кетіп бара жатып Энрике қызықты мәселені көтеріп кетті. Оның ұсынысы бойынша, Испания Ла лигасында әр ойыннан кейін пенальти сериясын өткізіп тұру керек. Сонда 2024 жылғы Еуропа чемпионатында Ұлттық құрама 11-метрлікті жақсы тебетін болады. Ал Луис Энрикенің орнына енді Испания құрамасын бұған дейін жастарды жаттықтырған Луис Де Ла Фуэнте баптайды.

Сондай-ақ, өзге жаттықтырушыларға келер болсақ, Уругваймен бірге топтық кезеңнен аса алмаған аргентиналық маман Диего Алонсоның да қызметінен кететін уақыты жетіпті. Мексика құрамасы да бас бапкері Херардо Мартинес кешірмеді. Ал 1/8-финалда Бразилиядан ойсырай жеңілгеннен кейін Оңтүстік Корея құрамасының бас бапкері Паулу Бенту да қызметінен кететінін мәлімдеді. Яғни қазірдің өзінде алты жаттықтырушы орнын босатқан.

Бас бапкерін алмастырған құрамалар				
#	Команда	Бас бапкері	Жаттықтырған кезеңі	Ең ірі жетістігі
1	Иран	Карлуш Кейруш (Португалия)	Қаңтар – желтоқсан 2022 жыл	–
2	Бельгия	Роберто Мартинес (Испания)	2016 – 2022	2018 жылғы Әлем чемпионатының қола жүлдегері
3	Испания	Луис Энрике	2018 – 2022	Еуро-2020 қола жүлдегері
4	Уругвай	Диего Алонсо	Желтоқсан 2021 – желтоқсан 2022	Конмекбол іріктеу кезеңі, 3-орын
5	Мексика	Херардо Мартинес (Аргентина)	2019 – 2022	КОНКАКАФА Алтын кубогының жеңімпазы
6	Оңтүстік Корея	Паулу Бенту (Португалия)	2018 – 2022	Азия іріктеу кезеңі, 2-орын

АУЫР АТЛЕТИКА

КОЛУМБИЯДА ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛДЫ

Колумбия астанасы Боготада ауыр атлетикадан Әлем чемпионаты басталды. Жаһандық доданың алғашқы күні-ақ зілтемір сахнасына алғашқы толағайымыз шыққан. Өкінішке қарай, Арли Чонтей жүлдеге қол жеткізе алмады.



55 келі салмақ дәрежесінің «А» тобында бақ сынаған Чонтейге күміс пен қола үшін екі келі жетпей қалды. Жұлқа көтеруде 118 келіні бастан асырған, серіе көтеруде 141 келіні бағындырған спортшымыз қос жаттығудың нәтижесінде 259 келіні еңсеріп, 4-орынға жайғасты. Ал бас жүлдені 265 (117+148) келімен тай толағайы Тхирапонг Силачай алды. Екінші орын 260 (117+143) келіні көтерген вьетнамдық Сон Дин Нгоға бұйырса, үздік үштікті дәл осынша келімен (115+145) Ким Йонгхо түйіндеді.

Айта кетейік, желтоқсанның 16-сына дейін жалғасатын жаһандық додада 93 мемлекеттен келген 550-ге тарта таңдаулы зілтемірші 20 салмақта үздіктерді анықтауда. Ерлер арасында 10 салмақ дәрежесі, әйелдер арасында да дәл

сонша салмақта толағайлар зілтемір сахнасына көтерілмек. Париж Олимпиадасының лицензиялары сарапқа салынатындықтан, Богота төріне әлемнің кіл мықтылары жиналды. Дегенмен, белгілі бір себептерге байланысты Ресей мен Беларусь спортшылары жоқ. Айта кетейік, әу баста бұл чемпионат Қытайдың Чунцин қаласында өтуі керек болған. Пандемияға байланысты қытайлықтар биыл әлемдік аламанды қабылдаудан бас тартты.

Ал Қазақстан ұлттық құрамасы Колумбиядағы додаға 13 спортшысын қосты. Ерлер арасында 9, әйелдер арасында 4 толағайымыз бақ сынайды. Бүгін таңалакеуімнен зілтемір сахнасына 73 келіде Анатолий Савельев (А тобы) пен Алексей Чуркин (В тобы) көтерілді.

ВОЛЕЙБОЛ

Еліміздің ғана емес, әлемнің ең сұлу волейболшыларының бірі саналатын Сабина Алтынбекова алаңға қайта оралды. Айта кетейік, отбасылық себептерге байланысты аруымыз 2020 жылы жаттығудан қол үзген болатын.

Сабина 2020 жылдың желтоқсанында тұрмыс құрды. Содан бері волейбол паркетіне шыққан жоқ. Ал оған дейін Қазақстан клубтарында, Жапония чемпионатында,

САБИНА АЛТЫНБЕКОВА АЛАҢҒА ҚАЙТА ОРАЛДЫ

Италияда және Араб әмірліктерінде өнер көрсеткен. 2014 жылы жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында турнирдің ең сұлу спортшысы номинациясын жеңіп алған. Оған арналған арнайы бейнероликтер ютубта 2 миллионнан астам қаралым жинады.

Таяуда С.Алтынбекова өзінің Инстаграм парақшасында волейболға қайта оралғанын мәлімдеді. Біріккен Араб Әмірліктерінің «эл-Васл» командасымен қайта келісім-шартқа отырды.



ФУТБОЛ

АЛМАТЫНЫҢ «ҚАЙРАТЫ»

жаңа маусымға дайындыққа кірісіп кетті

Команда бүтіннен бастап жаңа маусымға алғашқы оқу-жаттығу жиынын бастайды.

Алматылықтардың алғашқы оқу-жаттығу жиыны оңтүстік астанамыздың маңындағы Бесағашта өтіп, 29 желтоқсанға дейін жалғасады. Жаттығу жиыны аясында команда екі жолдастық кездесу өткізеді деп жоспарлап отыр. Дегенмен, қарсыластары әлі анықталған жоқ.

Ал бас бапкер Кирилл Кекер бұл жиынға ойыншыларды шақырып отыр. Арасында жастар командасының футболшылары да бар. Алайда, маусымға дайындықты жеке бағдарлама бойынша жүргізіп жатқан бразилиялық шабуылшы



Жоао Пауло мен камерундық қорғаушы Маки Баньяк Алматыға келмеді. Сонымен қатар, жаракатына байланысты камерундық тағы бір легионер Давид Экве де бұл жолы қатарға қосыла алмады.

Оқу-жаттығу жиынына шақыртылған «Қайрат» ойыншылары:

Қақпашылар: Данил Устименко, Вадим Ульянов, Темірлан Анарбеков, Ефим Аитов.

Қорғаушылар: Сергей Кейлер, Сұлтанбек Астанов, Дамир Қасаболат, Лев Кургин, Егор Ткаченко, Александр Ширококов, Әмірәли Оразбек, Александр Мрынский.

Жартылай қорғаушылар: Әділет Садыбеков, Антон Крачковский, Еркебұлан Сейдахмет, Гүлжігіт Әліқұлов, Андрей Ульянов, Данияр Үсенов, Арсен Буранчиев, Рүстем Әмиров, Ғалымжан Кенжебек, Әлен Айманов, Мираз Көбеев, Әліби Мұхит, Диас Көшкімбаев.

Шабуылшылар: Артур Шущеначев, Вячеслав Швырёв, Айбар Абдулла.

Әзиз ЖҰМАДІЛ.



КИНОКЕҢІСТІК

Жаңа жоба басталды

Алматыда осы аптадан бастап ұлттық фильмді насихаттау, кино көру сауатын дамытуға арналған «QAZAQ KINOSY: TOP-10 FILM» жобасы басталды.

«Қазақ киносының бүгінгі бағыт-беталысын айқындау немесе зерделеу үшін қазақ киносының тұтас картинасын, яғни кеңес дәуіріндегі фильмдерді постколониал теория тұрғысынан қайта қарастыру, ал тәуелсіздік кезеңінде түсірілген фильмдер отарлық санадан қаншалықты арылғанын әлеуметтік ғылымдар категорияларына сүйене отырып талқылау өте маңызды. Бұл жалпы көрерменге киноны ішкі – көркемдік эстетикасын және сыртқы – кино қоғам болмысының суреткері екенін түсінуге көмектеседі», – дейді жоба авторы «Oner Portal» бас редакторы, продюсер, драматург Әннәс Бағдат.

Жобаның салтанатты ашылу рәсіміне АҚШ Бас консулдығының баспасөз, мәдениет және білім жөніндегі кеңесшісінің орынбасары Чад Киннир, «Шеврон» компаниясының әлеуметтік жобалар бойынша үйлестірушісі Жанар Қошпанова, «Қазақфильм» өндіріс жөніндегі вице-президенті, кинорежиссер, продюсер Серік Әбі

шев, халықаралық қатынастар саласындағы PhD докторы Ғалым Жүсіпбек және Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі, кинотанушы, PhD Баубек Нөгербек қатысты.

Жоба аясында кинорежиссерлер және киносыншылар қатысуымен іріктелген 10 фильм көпшілікпен бірге талқыланды. AmericanSpace & Makerspace Almaty кеңістігінде өтетін талқылауға кино саласының мамандарымен қоса, әлеуметтік ғылымдар саласында зерттеу жасап жүрген эксперттер шақырылды. Талқылаудан соң осы фильмдер көрсетілді. Бұл жоба АҚШ-тың Қазақстандағы Дипломатиялық миссиясы мен Chevron арасындағы Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік демеушілігімен және қолдауымен жүзеге асырылған.

Айта кеткен жөн, қазақ киноларын талқылауға әр сейсенбі сайын барлық азаматтар еркін қатыса алады.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ТӘРБИЕ



Суретке айтам сырымды...

Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесіндегі, яғни балалар колониясындағы жасы кәмелетке толмаған жазасын өтеушілер де Дүниежүзілік суретшілер күніне атсалысты.

Олар көкейдегі ойларын, арман-қиялдарын ақ қағаз бетіне түрлі-түсті бояулармен өрнектеді. Мұндай іс-шара сотталған балалар үшін ауадай қажет дейді тәрбие мамандары. Себебі, жабық мекемеде отырған олар бір жағынан бос уақытын тиімді өткізсе, екінші жағынан шығармашылық әлем оларды түзу жолға жетелейді, іштегі сырын ақтарады, кеудеге үміт отын жағады.

Жасақ бастықтары жас су-

ретшілердің туындыларын шешім шығаратын қазылар назарына ұсынды. Нәтижесінде Е.Куандықовтың «Раушан гүлі» 1-орынға ие болды. 2-орын Ә.Хамидуллиннің «Анаға сағынышы» лайық деп танылды. Ал 3-орынды Т.Шариевтің «Ғажайып қызы» иеленді. Айтпақшы, Т.Шариев бала кезден сурет салатын болып шықты. Осындай байқауларға жиі қатысатынын да мақтанышпен айтып өтті.

Нұр ЖАМАЛ.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. Редакцияның мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтарды табыстау 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ХАБАРЛАНДЫРУ

КММ «Алматы қаласы Жоспарлау және урбанистика басқармасы» мүдделі жұртшылықты қоса алғанда, жұмыс материалдарын, төменде көрсетілген келесі қала құрылысы жобаларына алдағы уақытта қоғамдық талқылауды өткізу туралы жалпы жұртшылыққа мәлім жеткізеді. Жоба атаулары:

– Әл-Фараби даңғылының оңтүстігі Үлкен Алматы өзенінің бойымен Үлкен Алматы көліне дейінгі аумақ шекарасында егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу;

– Солтүстік айналым көшесінің шығысы, Жұмабаев көшесінің оңтүстігі, Жансүгіров көшесінің батысы, Рысқұлов даңғылының солтүстігі шекарасындағы Жетісу ауданында егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу.

Алматы қаласының аумағында КВИ таратпау мақсатында және сақтық шараларын сақтау үшін қоғамдық талқылауға қатысқысы келгендердің саны шектелуі мүмкін. Осыған орай, қатысқысы келетіндер «Казгипроград» І ЖШС Жобалау институты мекемесіне алдын ала 279-00-89 және 278-00-42 телефон арқылы хабарласуларыңызды сұраймыз.

Қоғамдық талқылаулар уақыты: 2022 ж. 14 желтоқсан, 10 сағ. 00 мин. Мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Абай даңғылы 90, 1-қабат, конференц-зал «Алматыбасжоспары» ғылыми-зерттеу институты ЖШС.

Жоба әзірлеушісі – «Казгипроград» І Жобалау институты ЖШС.

Тел.: 8 (727) 279-00-89; e-mail: kazgiprograd_1@mail.ru



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруа-
шылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@
vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.

Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.

Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.



КӨРМЕ

КҮНШЫҒЫС АҢЫЗДАРЫ

Биыл Жапония мен Орта Азия мемлекеттері арасында дипломатиялық қатынастардың орнағанына тура 30 жыл толып отыр. Осыған орай, «Әл-Фараби» кітапханасында Евразия Жазушылар Одағы, Жапония Фольклористер ассоциациясы мен Токиодағы Жапония-Евразия ұйымының мүшесі Шарафат Жылқыбаеваның «Күншығыс аңыздары» атты көрмесі ашылды.



Көрмені Ақпараттық қызмет басқармасының басшысы Ақмарал Жаманкөзова ашып, сөз кезегін алған Жапония Қорының өкілі Идэ Гохэйге «Қазақстан мен Жапонияның мәдени-рухани байланысы одан сайын дами берсін» деген тілегін жеткізді. Ауылдың алтыауызы ретінде Айтмұрат Төреғали жапонның шямисэн аспабында нақышына келтіре ойнап берді.

Жапон-қазақ достығын бейнелейтін көрме «Жапон өнерінің бастаулары және көшпелілер мәдениеті», «Қазақстан және Жапония: Жарқын болашаққа ортақ көзқарас», «Жапон прозасы – қазақ тілінде» деп аталатын үш бөлімнен тұрады.

1-бөлімінде Ш.Жылқыбаеваның ежелгі жапон мәдениеті, әдебиеті мен байырғы тілі туралы жазған шығармалары ұсынылды. «Қызыл қақпаның құпиясы», «Көк Бөрінің көзі» кітаптары және «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Күншығыстағы жыраулар поэтикасы», «Тама мен Тана», «Ооками – Көк Бөрі. Жапондардың архаикалық тегі туралы», «Сақтар, ғұндар және жапондар», «Көшпелілердің Эдзо мемлекеті туралы», «Ана тілі» газетінде жарияланған «Гунма», «Әлем әдебиеті» журналында жарияланған «Жапон аңыздары» мақалалары, т.б. орын алды.

Көрменің 2-бөлімінде Қазақстан мен Жапонияның мәдени, әдеби, экономикалық, т.б. салалар бойынша ынтымақтастық туралы мақалалар мен сұхбаттар жарияланған газет-журналдар қойылған.

Үшінші бөлімге жапон тілінен аударылған «Сайго Такамури» (Акутагава Рюноске, «Жұлдыз» журналы),



«Өрмекшінің жібі» (Акутагава Рюноске, «Жас Алаш»), «Тәндегі танба» (Танидзакі Джюничиру, «Қазақ әдебиеті»), «Айн аңыздары» («Үркер» журналы), «Арак құрты» (Акутагава Рюноске, «Жас Алаш»), «Бір сабақ жүзім» (Аришима Такэо, «Ақжелкен»), т.б. шығармалары, «Күншығыс аңыздары» кітабы қойылған.

Бұл күні оқырмандар кітапхана қорындағы Жапония туралы әртүрлі тілде жарық көрген кітаптармен де танысты.

Сондай-ақ, жапон газет-журналдарында жарияланған Шарафат Жылқыбаеваның Қазақстан туралы еңбектеріне де жұртшылық қызығушылықпен назар аударды. Жапонтанушы ғалым «Әл-Фараби» кітапханасына «Көк Бөрінің көзі» деп аталатын кітабының 10 данасын тарту етті.

МЕРЕКЕ

ШЫРША ШАМЫ ҚАШАН ЖАНАДЫ?

Алматыда Жаңа жылға дайындық жұмыстары Тәуелсіздік күні мерекесінен кейін басталады

Қалалық әкімдіктің баспасөз орталығы қаланың бас шыршасының шамы қашан жанатынын мәлім етті. Сонымен қатар, қаланың бас шыршасының қайда орналасатыны да белгілі болды.

Алматының бас шыршасы Абай алаңында орнатылатын болды. Алматылықтар мен қала қонақтары 20 желтоқсан күні шырша шамын жағу рәсімі мен мерекелік



концертті тамашалайтын болады. Дәл осы күні қаланың әр ауданында дәстүрлі шырша шамы жанады.

Қалалық әкімшіліктің баспасөз орталығының айтуынша, дизайн концепциясын әзірлеу кезінде екі жыл-

дық карантин шектеулерінен кейін мерекелік жаңажылдық атмосфераны жаңғырту мәселесіне баса назар аударылған.

Сондықтан негізгі мерекелік безендіру элементтерінде жылы түстер басым болып, дизайндағы негізгі екпін жеңіл композициялардың бірыңғай стиліне аударылады. Бұл өз кезегінде қаланың қоғамдық кеңістіктерін біріктіреді. Сөз жоқ, олар да тақырыптық шағын архитектуралық формалармен безендірілмекші. Қаланың жаяу жүргіншілерге арналған көшелерінде: Панфилов көшесі, Жібек жолы, Абай алаңында ШАФ және фотоаймақтар орнатылады.

БІЛІМ

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ҚАНША КҮН ДЕМАЛАДЫ?



Көбіне, біз мектеп оқушыларының жазғы демалысының нақты үш ай екенін білгенімізбен, басқа демалыстарының нақты қанша күн екенін біле бермейміз.

Мәселен, Оқу-ағарту министрлігі «Оқу жылының басталуы мен аяқталу мерзімін, сондай-ақ орта білім беру ұйымда-

рында білім алушыларды қорытынды аттестаттау мерзімін анықтау туралы» бұйрыққа қол қойды. Бұйрыққа сай мектеп оқушыларының тоқсандық мөлшері мен демалыс кезеңдері белгіленген.

Сонымен, 1–11 (12) сыныптардың оқу жылындағы демалыстарының ұзақтығы мынандай тәртіппен бекітіліп отыр:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – 7 күн (31 қазаннан бастап 6 қараша);

2-тоқсан – 8 апта, қысқы демалыс – 9 күн (31 желтоқсаннан бастап 8 қаңтарды қоса);

3-тоқсан – 10 апта, көктемгі демалыс – 9 күн (18–26 наурыз);

4-тоқсан – 10 апта.

Сондай-ақ, 1-сынып оқушылары үшін тағы да қосымша демалыс белгіленген – 7 күн (6–12 ақпан).

Білім беру ұйымдарының сұранысы бойынша баламалы мерзім (пилоттық, халықаралық мектептер және басқалар):

1-тоқсан – 9 оқу аптасы бар. Күзгі демалыс – 10 күн (23 қазаннан бастап 1 қараша);

2-тоқсан – 9 апта, қысқы демалыс – 15 күн (31 желтоқсаннан бастап 14 қаңтар);

3-тоқсан – 9 апта, көктемгі демалыс – 9 күн (20–29 наурыз);

4-тоқсан – 9 апта.

БАЙҚАУ



ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНДЕ

Балалар жылы аясында Оқушылар сарайының «Экологиялық-биологиялық» бөлімі 2–5-сынып оқушылары арасында ерекше байқау ұйымдастырды. Аталмыш байқау «Ертегіде қонақта» деп аталғандықтан, табиғатты қорғауға бағытталған барлық тапсырма миниатюра арқылы көрсетілді.

Байқауға қатысушылар сахналаған «Қоршаған ортаның экологиясы» атты театрландырылған экоминиатюрада таби-

ғатты аялап, оның байлығын қорғау туралы ертегіні көпшілік жылы қабылдады.

Байқауға қала мектептерінен 13 команда қатысты. Қазылар алқасының құрамында болған Ермашов театрының әртістері әрбір кейіпкерді бейнелеген оқушының жан-жақты ізденгенін, тер төгіп еңбек еткенін атап өтті.

– Ұсынылған жұмыстардың барлығы байқау шартына сай келді. Сонымен қатар, барлық командалардың өзіндік шығармашылық көзқарасы қалыптасқаны байқалады. Болашағынан үміт күттірер жас актерлар өсіп келе жатқаны қуантады. Олар өздерінің актерлік мүмкіндіктері бар екенін көрсетті, – деп баға берді.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.